



Қайрат АСҚАР



Дауыс

**Қайрат
АСҚАР**

ДАУЫС



Алматы
“Жалын баснасы”
2011

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

A-88

**Қазақстан Республикасының
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды**

A-88 Аскар Қайрат.

Дауыс. Олеңдер./

Қайрат Аскар. —

Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2011. — 120 б.

ISBN 978-601-7286-22-4

Дауыс. Дүр дүниені дур сілкінтер айғай-аттанды
ғаламшар естіп келеді. Заман өні ауысада, әсіресе,
аттан-озан көбейеді. Бірақ, осы аспан астын
алқындырған шу-дүрмекте Сіздің өз дауысыңыз естіле
ме? Қазақ үні ғалам шуына түншықтай ма?..

Қарағандылық, жас ақын Қайрат Аскардың
тыринақалды жинағынан осы ойлардың темірқазық
үлгісін табасыз.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

**A 4702250202
408 (05) -09 - 2011**

**УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5**

ISBN 978-601-7286-22-4

© Аскар Қайрат., 2011

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2011

* * *

Еліне еркін еркелеп өскен
Мен де бір аңғал тентек
емес пе ем.

Көгілдір күмбез орнатқан кеудем
Көктемдей арман, көркем елестен.

Сәби ем сыйлап сөн менен әнін
Тек думан болған — қызықтағаны.
Балаң жүректің балбебек әнін
Есейтіп өмір бұзып барады.

Ақ сезім сыйлап атамекенім,
Арманның көлін кешіп жүр едім.
Өмірдің мынау қатал екенін
Аңғармай аппақ есіл жүрегім.

Шарқ үрш көңіл, шашылды сырлар
Боздатып күйін мұң өпсе мені.
Ашылып алдан асулы шындар,
Шақырып жатыр күреске мені.

Тағдыры елдің маған жүктеліп,
Сындар тұр намыс, отты үміт беріп.
Еркелігімді адалдық көріп,
Тентектігімді тектілік деп үк!

ТҮНГІ АУЫЛ

Түнгі ауыл.

Мақпал көкте Ай күлімдеп,
Сәулесі күміс суда жай дірілдеп,
Жаңбырдың иісі аңқып
жакын маңнан,
Жусанды қырдан есер
жайлы бір леп.

Түнгі ауыл.

Көңіл ояу, көз байланып,
Тылсым шақ жүрек қылын
қозғайды анық.
Маңында көбелектер қалбалактап,
Ошақтың оты жатар
қоздай жанып.

Жұлдыздар шығып күннің
түрмесінен,
Жатқандай тыныштықпен
тілдесіп ен.

Өзеннің сылдыр-сылдыр
сыры естілер
Ауылдың жырып аққан іргесінен.

Желсізде үшар оттың алауы тік,
Даланың түнінде де бар-ау үқып.
Аю жон алыштай бол елес берер
Қалғыған қарт төбелер қарауытып.

Тып-тыныш.

Жан-жануар тыным еткен,

Аймаққа тамған Айдың

нұры көктен.

Фашығын аңсап келген ару қыздай

Ақ сәуле дала төсін күліп өпкен.

“Жауымен” шекісіп қап

ҰРЫ МЫСЫҚ

Шатырға бара жатыр

шығып еппен.

Аңы еді бәтшагардың үні неткен?

Жатқанда мұлгіп қырдың

үйқыда елі,

Ауылдың түні неткен сиқыр еді.

Шегіртке шырылдайды

өзен жақтан,

У-шу ғып кейде ауылды ит үреді.

Ит-құстар күзетші ояу —

қауіп қылған,

Өзінің жұмбактығын тау үктырған.

Жастардың өнін тыңдау

ҮЙЫП ҚАПТЫ

Басында алтыбақан сауық құрған.

Сол бір ман от күшактың

қауыштырған,

Тілектер, жүректерді табыстырыған.

Сырлы әзіл, сұлу ән-жыр,

СЫҢҒЫР КҮЛКІ

Естілер үзіп-талып алыс қырдан.

Мұңайып жалғыз жүзөр тұнгі
аспанда Ай.
Әндерін маган айтар
мұндас жандай.
Үп етіп самал соқса, ағаш талдың
Желегі сыйбыр-сыйбыр
сырласқандай.

Фаламат!
Ауыл тұні.
Ғажап, айлы,
Мас қылып ерке сезім мазалайды.
Қайнардың салқын суын бүріккендей
Саф ауа сарайыңды тазалайды.

Бір ысып, бір суынып қан бойдағы
Көңілде нәзік мұңның ойнайды әні.
Сиқырға, сырға толы дала тұні
Сырларға жетелейді қай-қайдағы.

Шұбалып Құс жолында
сөнді із қалып,
Жымындар мың-сан жүлдыз
бал-бұл жанып,
Көңлімде сөуле шашқан үмітімдей
Жырақта жылтырайды
жалғыз жарық.

Тып-тыныш.
Жан-жануар тыным еткен,
Аймаққа тамған Айдың
нұры көктен,

Ақ сәуле дала төсін күліп өпкен,
Санаға сұлулықтың сырын еккен.
Қытықтап жас сезімнің тұла бойын
Еседі қырдан самал жылы леппен.
Ләззатқа толы ауылдың туні неткен
Жаралдың қандай ғана құдіреттен!



* * *



ТІРШІЛК

Біз, адамдар, өмір мәнін
кеш үқтық,
Айыра алмай күншуақ пен
түнекті.

Батысымның көкжиегін бесік қып
Тірлігімнің тағы да бір күні өтті.

Күміс көрпе төсеп бұлттың төсіне,
Торғын көкке толықсыған
Ай шықты.

Қою қаймақ қалқып шығар бетіне
Елестетіп берекеге бай сүтті.

Кең өлемге терезе бол шаңырақ,
Уайым-түндік сыпырылып
жай тапты.

Үмітімнің жұлдыздары жамырап,
Ертеңімнен бір жылышық
байқатты.

Сұлулардың сұңғақ мойнын
сәндеғен,
Аппақ жібек орамалдай көлбеген
Құс жолы да жатыр шұбап
көлденең
Ойлы жанға ол да өлең...

САҒЫНЫШ

Тұсіме кейде енесің
 Ұмыт болды деп жүргенде.
 Аққанат арман — елесің
 Кірпікке ілініп түндерде.

Көзінде тұнық, таза мұң
 Қарасың сөл-сөл салқын ба?
 Баяғы көркем ажарың,
 Тәкаппар сол бір қалпында

Мен тұрар едім мұдіріп,
 Жүректен жанға жас тамып.
 Ерніңен сүймек түгілі
 Шашыңды ұстауға жасқанып.

Тұсіме еніп кенеттен
 Жарқ етсе қайран дидарың,
 Күндерімді еске ап сол өткен
 Жүректі оймен қинағым.

Жалт ете қалып өтті ол шақ
 Жанарың сыңды өзіңнің.
 Қайтеміз енді текке аңсал
 Күмбезін күл ғып төзімнің.

Арманнан алау-от жағып
 Қинайсың, жаным, несіне?
 Сағыныш тамшы боп тамып
 Санамның терезесіне.

Сондай тұс көрем тамаша.
 Айналмас, өттең, тұс өңге
 Отырған сөтте оңаша
 Ойына, өлде, түсем бе?..

* * *

Көлгір сөзге тым құмар көп
пенде осы,
Көңілі қап, пәктікте кеткен
бе өші?!

Сәби кездің сәулесін бүркеп тұрар
Пенделердің болады бет пердесі.

Жалған сөйлеп, жүреміз
жалған күліп,
Өзінді де, өзгені алдандырып.
“Жақсыларды” жағалап
жағынбасақ,
Атпайтындай таңымыз
алдан күліп.

Сөзде адалмыз, басқамыз,
бірақ, істе,
Бағынбайды-ау бұл міnez,
сірө, күшке.
Өзгелердің атынан сөйлеп тұрып,
Өзіміздің пайдамыз тұрады іште.

Ешкімнің де болмайды
құлқын ұғып,
Әр көңілде жатады сыр тығылып.
Іші егіліп жатса да, жаны жылап,
Адамдар-ай, тұратын сырты күліп.

Аярлар бар — енгізген өмірге есеп,
Адалдар бар — ол да бір
көңілге сеп.

Мерейі асса біреудің құттықтаймыз
Ішімізден қызығаныш шоғын көсеп.

Шын күлмейтін адамның
соры — теңіз,

Шын жыламас адамнан
не күтеміз?

Аңғал, сәби жүректі адамдарды,
Келеке ғып, "ессіз" деп кемітеміз.

"Досым" дейміз, қойынға
тас ап жүріп,

Ақы аламыз жақсылық
жасап жүріп,

Күн жылынса, жасанған табиғаттай
Адамдардың ісі де — жасандылық.

Тумаса да оңынан бұлай айың,
Сені өмірде деп жатыр кім аяйын?

Жалған күліп жеткенше
жақсылыққа,

Өлең жазып, шынайы мұнаайын...



ДАУЫЛПАЗ ҚАСЫМФА

Жалынды аға, жарқын ой,
жаны жас ағам,
Жаныңың дара жарқылын
сөзгем үшқынын.

Ақтара төгем сырымды
тағы да саған,
Аққанат өлең аңсаса өз кеңістігін.

Пайдасын өркім жүр дара,
атақтан біліп,
Айнасы ардың — жыр ғана —
ақынға тірек.
Таныттың жүртқа тау мінез,
тәкаппар қылыш,
Шабытың бұлтқа, ал өзің
шатырга түнеп.

Қасымдар жүрген кең шарлап
өн-жыр өлкесін,
Тасырлар күлген, қонса бақ —
тамаша бәрі.
Жайған ер едің досына
жалғыз көрпесін,
Қайран өлеңің жылдытып
бала-шағаны.

Сананда — қырау. Өмірдің
күзі мұң өрді,
Адалға мынау тірлікте ниетің тар,
Күдай.

Жұмақтан іздең көретін
қызығын енді
Бұ жақтан үзбек үмітін
ақын тағдыр-ай!

Балбұлақ өлең толғансаң,
діліңе тұнар,
Қалғыған әлем-сәбидің
тілеп күзетін.
Жылу оты бар, жырының
құдіреті бар
Жүректі жетім бір сипап
дір еткізетін.

Еңселі Арқа дегендей: “тұлпарым
озды-ау!”
Мол сенім арта елеңдер
жас үрпағына. .
Фажап жырларды сезінер
үрпағың аздау
Заманның зарлы лебінен
тосырқады ма?

Асыл өнерді сатпадың
асау баққа озің,
Жасын өлеңді тудырдың
алаулап, аға,
Қайран қап мұлдем, қараймын
жасаурап көзім,
Тайрандал жүрген жабылар
жадау даға.

Өткірлігіңнен нәр алған
оійм қашан да,
Текті үлды жүрген Алашы
мойындал ұдай.
Қасым-тағдырдан қаталдау
аїырмасаң да,
Дос, іңкәр жырдан Қазаққа
аїырма, Құдай.



ҚАЙРАН, ДОСТАР!

Қайран, достар!
Сендер — менің тасыған
мерейім ен,
Сағыныштан маздатқан
көңіл отын.
Аңқылдай кеп күлгендे, көмейінен
Аппақ болып жүрегі көрінетін.

Бағым жанып, жеңсем мен
бәйгелерде,
Ол — сендердің ақ ниет,
тілеулерің.
Арқаларың — бол жатсам
өйгі өнерде,
Жырымды оқып, сүйсініп
біреу менің.

Мен жеңілсем, тағы да
жасымаймын,
Сендер барда, жеңілу сирек, бірақ,
Досым — қуат, додада
досым — айбын,
Күйініштен жатпаймын күйреп,
құлап.

Мен қайғырсам...
Қайғысыз болмайды өмір,
(Аулақ қылсын десек те
бетін оның)

Сендер тағы келдіңдер
арнай көңіл,
Аршылсын деп уайымнан
кекірегім.

Мен қуансам, жарқылдаپ
көздерінде от,
Жандарыңды жеттіңдер жалын
қылыш.
Сендердің де, бірақ та,
кездерің көп
Мұңайтатын...
Сағындырып.



МЕН ӨЗІНДІ...

Мен өзінді тек түсімде көремін,
Ал, өңімде өр сұлуда елесің.
Сондықтан да табылмай
бір дерегің,
Сондықтан да өріліп мың өлеңім,
Сағындырып, табындырып келесін.

Сенің тұнық, мәлдірекен көзінді
Көрдім-дағы бота қылық
бір қыздан.

Тілдеспедім, тежең қалдым өзімді,
Күл-парша қып алам ба деп сезімді
Кекірегімде зәулім күмбез
түрғызған.

Сенсің, бәлкім, (сен бар болсаң
егер де),
Мың сұлуға татитүғын бір өзі.
Мінезінді бір сұлудан көрем де,
Жақындаман, тек кіргізем өлеңге
Қанша жібек болса-дағы мінезі.

Сымбатында сендей көрік білініп тұратүгын керемет бір қызбенен кездесіп ем, қайта сөнді бір үміт, кірпігімде қалып ед тек ілініп мөлтілдеген мұнға толы ізгі өлец...

Киялымды мұнар-мұнға
матырдым,
Елендетіп сен шырқаған ән алдан.

Өлмес өлең тудырғалы жатырмын.
Сендей ару...
Қолы жетпей ақынның
Мәңгі ғашық болу үшін жаралған.

Өлең-өмір, өмір-өзен тоқтамауы
үшін де,
Жүректерді ізгілікпен отқа орауы
үшін де
Әр адамға керек сендей ақ арман!



* * *

Мен келемін ақындық
жүк арқалап,
Бағына алмай өмір ережесіне.
Іштен жалын, сырттан ызғар
анталап,
Қырау қатты көңіл терезесіне.

Қырау қатып, сұық сұсын танытса,
Оның сұлу өрнегінен не пайда?
Әлем — сыртта, кеудем сұық —
табытша,
Қайран жүрек басты-ай келіп
атойға.

Қалжыратса көңілімнің қапасы,
Сен едің ғой сыйлайтүғын
шабытты үн.
Сол қырауға ыстық ернің тақашы,
Күл-талқанын шығарайық
табыттың!



ЭЛЕГИЯ

Ай нұрына жүректің оты ұласып,
Айдынында сезімнің жүздік
өн сап.

Қалатынбыз белдерден кетіп асып,
Талатынбыз... жеткен соң ұздіге
аңсап...

Шер мұңайтып,
Айрылдық екі ғашық,
Енді қайтып келмейді-ай ізгі
бал шақ.

Нұр түніне балдәурен етіп асық,
Кірпігіме сағыныш тізді моншак.

Арамыз біздің алшак,
Наламыз күзді қарсы ап.



КҮШ

Көп қындық көрген жоқпын
өлі мен,
Сөл қиналсам, ол да өзінің
сөнімен.
Бүгін тағы көшіп барам күш алып
Сейіл салған Шемші ағаның
өнімен.

Тас жауса да тасырдан,
Басып озған ғасырдан
Аш-жалаңаш тағдырына ашынған,
Шаңырағын өлеңімен жылдытқан,
Мен өулие емеспін ғой Қасымнан!

Бір баспана болар бұла басыма,
Жасын ең ғой, жас көңілім,
жасыма!
Әбділда ақын азаматтық танытқан,
Мұқандардың жеткен жоқпын
жасына.

Қатал тұрмыс қаусырмады
қауқарды ап,
Бұлбұл тағдыр сүйрейді тек бау
таңдал.
Егілген жоқ Жұматайша жүрегім
Елу жеті қожайынға жаутаңдал.

Пәтер табу — емес онша зор күрес,
Қындыққа қосайын да мен
де үлес.

Алла жазса, маған да бір бұрылар,
Кабдеш аға айтатұғын
“Соңғы көш”.

Қас күлмесін қатал тағдыр
қысты-ау деп,
Өзім жерде, арман көкке
үшты-ау кеп.
Мекен еткен жұртымды әлі
айтады ел
Мен жайланаң жайлай деп,
Мен қыстаған қыстау деп.

Уайымға салынбайын бекер көп,
Бабам да өткен кең даланы
мекендереп.
Біздің көштің аялдары — ақиқат,
Жырдың көші тоқтамаса екен тек!

P.S.

Жырға айналар мен жайланаң
кеңістік,
Нұрға айналар мен жайланаң
кеңістік,
Гүлге айналар мен жайланаң
кеңістік —
Жылжып аққан жылдарыма
жеміс қып,
Тоңған жүдеп — жылдарымды
ең суық,
Жанған жүрек — күндерімді
ең ыстық.

ҚАЙДА?

Тұлғам қайда ойы асқақ, үні дара?
 Басын тығып бал толы құмыраға,
 Айналасын аңғарар шамасы жоқ,
 Ақын-Қоғам келіпті ымыраға.

Батыр қайда дүшпанын
 жығып өлген?
 Ақын қайда ақиқат сырын емген?
 Қасқыр да тоқ бұл күнде,
 қойшы да мәз,
 Шопан ата жалғыз-ақ күніренғен.

Жайсандар мәз, түсіріп
 жайынды ауға,
 (Ал жайын да сол күйін
 мойындауда).

Қоғам бүгін ұшырып қораздарын,
 Бұлбұлына алтын тор дайындауда.

Бес ғасырым жырлаған
 бебеуді үқтym,
 Әмір емес, Тәңірден демеу күттім.
 Ұлт тұлғасы — ұлықтың ұлтарағы,
 Сөзін сөйлеп саудағер,
 шенеуніктің.

Қайратты ердің қайраған
 қайда алмасы,
 Өділ бидің өлемге әйгі арнасы?

Баймағамбет, Жәңгірге иілсе егер,
Бас болар ма ед Махаңның
қайран басы!

Торайлардың жемін жеп
тогайғаннан,
Асыл мұрат қор болды-ау,
арайлы арман.
Байлық, билік, мансапты
mansuқ етіп,
Поэзия тағында Абай қалған.

Қайдасындар?



КОҢЫР КЕШ

Мен тагы да ауылдамын.
Қоңыр кеш.
Жаңбырдан соң ауа жұпар.
көңіл хош.
Ойлатпайтын беймарал бір
бейбіт шақ,
Құлық бар деп, сүмдық бар дең
әмірде еш.

Айналаға өзін ерек хан тұтып
Қоңыртөбе өзгермеген қалпы түк.
Батыс жатыр төсін нұрга
шарпытып,
Қызыл бұлтты алтын Құнгे
балқытып.

Кой жусаған, мал күйсеген
коңыр кеш
Үйден шыққан коңыр күймен
өрімдес.
Күні бойы үзак, ауыр жүрістен
Тыным алып жатыр мұлгіп
өмір көш...

ТҮРЛІ-ТҮСТІ ӨЛЕМ. АҚЫН.

Тұрлі-түсті өлемге таңғаламын,
Жанарайммен, жаныммен
арбаламын.

Кемпірқосақ өуені көңілімде,
Түннен көзім аумайды,
кардан — арым.

Ақ жүрексіз туады өлең қайтіп!
Ақын өтсе, бұл елге келер қайтып.
Ақтабанның азасы болмасын деп.
Ақ көгершін үранын өлемге айтып.

Абай отті, Махамбет, Қасым отті,
Қасиетті жол деп бұл қасіретті.
Қара ұлың хан болып қара өлеңде,
Қаракөздер ақынды ғашық етті.

Айналада тірліктің соңы күзге,
Айттай жүр гой дейсің бе
соны бізге.
Қызыл қырнын күйдірсе
қылыштымен,
Қызыл ялау ойнайды өңімізде.

Ақын шалқыр дүшпанын
жыққан Ғұнша,
Сұлулығы өлемнің сұқтандырса.
Жасыл төлі қайыңың —
жүректері
Жасыл кілем үстіне шық
тамдырса.

Поэзия — біздердің құт аиамыз,
Кішік елміз.
Кішкентай кітабы -- аныз.
Сары алтынға біздерден бай
адам жоқ,
Сарғая да сондықтан күте аламыз.

Құліп жүрсем, күнім дер
осы Отаным,
Жаңбыры бол шерімді босатамын.
Қоңыр сазы даланың іңкөр еткен
Қойдан қоңыр халықтың
кошақанын.

Жетесіз де емеспіз, жетеді ізгі ой,
Қараулықтан көрсетпей өтеміз бой.
Көкденениң жармассақ
жалына бір,
Көк аттыға жол бермей
кетеміз ғой.

Ессіз, ерке жүрекке ем
ташы, иә,
Ақ нараққа өшпейтін зер сап сия,
Тұрлі-тұсті әлемге шайырың мас,
Тұрлі-тұсті қорапта сенсация.

ТҮНГІ ҚАРАҒАНДЫ

**Көнілімнің көк сеңгірін
Мұн бұлты орап алды.
Саған мәлім бе кешкен мұым,
Түнгі Қарағанды?**

**Сүреңсіз, сүргылт күндер
жалықтырды
Бірінен бірі аумайтын.
Аңсадым бала кезгі жарық күнді
Шаттықтың жыры,
Пәктіктің нұры саулайтын.**

**Ақку арманым көніліме дерт
штердей
Капаланып қайғырып,
Канатынан қайрылып,
Кысқы тұн де мұң күйін
шертіскендей
Кары мұз боп, ақтығынан
айрылып.**

**Жаңбыр жауды қыс кейнін
өзге еткізіп,
Киын болды-ау
жылқым-жылымда,
Байлаусыз дүние тағы да
көз жеткізіп,
Жалғаның жолы көк тайғақ
жылтырлығына.**

ПЕРИШТЕНІЦ ТУЗЫ ЖЕҢІЛ

Әділдік пен зұлымдық...
Қызық — өмір.
Уақыт өлі келеді таразылап.
Періштенің қашан да тұзы жеңіл,
Сайтан басын кетеді сөл азырақ.

Басар еді ізгілік артығымен,
Халық тобырга айналып тірі өледі.
Сайтан жолдан тайдырып
алтынымен,
Періштені пенде ғып жібереді.

Бәйге алып жүр есіріп
есек те, әні.
Қарға -- өнші,
Бұлбұл — мас,
Қызық — өмір.
Салмағы ауыр шындықтың
десек-тағы,
Періштенің бәрібір тұзы жеңіл..



ДАУЫС

Себи туса, жаны пәк, ойында арай,
Сыйлайтынын сезбейді
гүмымыр қайғы.

Зәңдәлілікты ешқандай
мойындамай,
Азаттық деп, шындық деп
шырылдайды.

Біз Дауысты жүрекпен
түйсінбейміз,
Ал.. бейғамдық — адамға
талайғы жау.

Шырылдаса нәресте, сүйсінбей біз,
Тыныштықты бұзды деп
қараймыз-ау.

Себи сынды қорғансыз,
гүл халыққа,
Күз бол ызғар шашамыз
үлкендікпен.
Өмір сосын өтеді бір қалыпта
Тыныштықты бұза алмай
жүргендіктен...



* * *

Айлар ақты, мұршасы жоқ аялға,
Қимастығым жаспен қалай
өтелмек.

Аққу үшып бара жатыр Балнға,
Шайтанкөлді аз уақыт мекендер

Барады үшып сағынышты
аңсар өн
Балдөуренді қанатына іліп ап.
Сол бір өндегі өмірдегі барша мән.
Кете барды-ау ақ бөкенше
зымырап.

Жырым, сенсіз жаз да кетті
салқын бон,
Мендеңі азап — бодандыққа
барабар.
Бұл өмірде біздің баққа
алтың жоқ,
Сағынышты, мөлдір жырлар
ғана бар.

Өмір өтер телмірумен жолына,
Өнімді ізден таңгажайып таң ренде.
Алтын күнім қайрылмайды
соңына,
Баяны жоқ ғұмыр ғана
қалды енді...

ЖҰЛДЫЗДАР

Жұлдыздар-ай,
Аспанның нұр бағысың,
Інжү-маржан тамшысы
табиғаттың,
Дәуірлердің ынтықты
жұмбағысың,
Перзенттері Түн дейтін ағықаттың

Неге миға бір тыным еткізбейсің,
Көз шарына оп-онай сыя алғанда?
Армансыңдар, өйткені,
жеткізбейсің,
Аппак қанат байлайтын
қиялдарға.

Алтын кірпік айналдым
көздеріңен,
Тамырымда қан тулап,
жыр қайнады.
Мені сырлас еткен де өздеріңмен
Дешті Қыпшақ жұртының
бір қойнауы.

Жұмыр жердің өзінде іңкөр ұлыны
Еткен мұнда бір сөулең
Мұллем асық.

Мен де адамның арманшыл
үрнағымын
Жұлдыз жауған жауһарлы
тұнге ғашық.

Құлай сүйген жерінің арай тұнін
Жанарыңмен сол жанға
жолыққайсың.
Жібек шашын нұрыңда тарайтын,
Ол да сенің сырласың
деп үққайсың.

Сенен үшқан сағыныш —
нұрлы ізгі арай,
Жүржегімді қураған өңірше өртеп.
Мен не дейін оларға,
Жұлдыздар-ай,
Жылтыраган нұкте боп
көрінсең тек?!



АЛАШ АНАТОМИЯСЫ

Ауырсақ, жақсы түске
жарымаушы ек,
Түсімде...
Жүрек — өскер, омырау — шен.
Он екі мүшем менің бірлігінен
айрылып, ажыранты бір-бірінен.
Калғандай тежеліп ой,
тұлқінің тезегі гой,
Казекем жамандыққа
жорымаушы ед...

Төсінде із қалдырып арман белдің
Тек шаңын көрсетердей
маңмаңгер күн.

Бұл не түс?!

Ішіндемін қанды әлемнің,
Эз басым жалғасы еді арлан ердің,
Тәнімнен бөлініп ап,
Елінен коңілі қап,
Шаршап жүр музейлерін орман елдің.

Азап түс!
Алыс болды-ау жақын таңым,
Бабам жүр.
Жатырқай ма жат үрпагын...
Бассыз тән сүңгіп ақша қойынына,
Бордельдің араласты ойынына,
Даңғаза-шуға қашам,
Ал, енді бір қарасам,
Итжеккен қарлы аймақта
жатыр тәнім.

Көздерім шарасыздық шарасында,
Ал, көлым өз шапаным
жаяссында.

Көмейім бүлбүл құс кен үя салған,
Күміс ед Тәнір өзі құя салған
үніне ел жақсы уаңған,
кеше Атам ат суарған
Сенаның бүлкілдеп түр жағасында.

Иығым “танаулының”
тартыш жүгін,
Жон арқам жуандардың
артыш жүгін,
Асқақ ем,
Айбынды едім,
Айбарлы едім,
Жат біреу салмақ салын,
қайран белім,
Қайысты нар атаным,
Қарысты алақаным,
Сонда да у мен буға
шалқып жүрмін.

Түйсікпен тез атуын
таңның күттім,
Шөлдедім, қаным үйиш,
талдым, біттім.
Ал, миым жаңалықты енді үдетін,
Жұлдызды жалауларды
желбіретін,
Ғылымның кеңін ашып,
Мұхит пен теңіз асын,
Шарлап жүр зертханасын өр
құрлықтың.

Тек жігер арқаламай,
көтермей мұн,
Аяғым...
ол да төннен бөтен деймін.
Үш жүз алпыс бойлықты,
жүз ендікті
кеzin жүр.
Тізем болса — тізем мықты,
Жауынан қалтырамас,
Білетін даңқын Алаш,
Шақ қапты бүгілуге екен деймін.

Қнйратсыз қайран жаным
қысылды өбден,
Бағынбай күшім тәзге, ісім мөнге.
Қатал күн қайдан құйсын
жинға ізгі леп?
Рухымды үстап тұрган
жалғыз жүрек.
Шыңғырып ышқынады ол.
Тәңірім, түс қыла көр!

Ояндым...
Үрейімді үшырган не?
Тусім бе, әлде?..



* * *

Ішім жылаш қалды-ау менің,
 Жанарыма мұң үйып.
 Көрмен еді жасымнан.
 Мәлдір, тогті балдауренім
 Үяң ғана жымыш,
 өте шықты қасымнан.

Жүдеп қалдым алабөтен
 Мұның тек жыр — дауасы,
 Музат-мұңды дос тұтқан.
 Мен алыстап барады екем,
 Гаунар тұсті ауасы
 Жасыл арал — Жастықтан.

Ұыз — мендік қиял, бәлкім,
 кірпігіне мұңды ілмей,
 сүйсінер тек ізіне.
 Кешегі албырт, үяң қалпым
 көшкен екен білдірмей
 қалқатайдың жүзіне.

Жалындаумен, жарқылдаумен,
 Жырға толы ғұмыр — мас.
 Назарыңды бұқтырып,
 өте шықты алтын дәурен,
 енді қайтып бұрылмас,
 қатал сырғын ұқтырып.

Жөнсіз — енді жалтақтау құр,
 Ол — сезімнің өүресі.
 Шамалы өрі пайдасы.

Жарқ етті-ау нұр,
жалт етті-ау бір,
Жақсы күннің сөулесі,
Жастыңымның айнасы.

Киялым тек шоқ үрледі,
Уақытқа тәуелді от
енде қайтіп маздасын!
Аңсар күйдің шегіндегі
сағынышты өуен боп,
мөлт-мөлт тамды көз жасым.



• • •

Жүруші едім асқақ мінез,
арынмен,
Кұллі мұндың күзді күнгі бұлт рең.
Жасқап тастап жанардағы
жалынмен
Миықтағы мысы мықты құлкімен.

Жатқа жиі жаутандыудың
қыны-ай.
Жасық бір мұң жағама кеп
жармасты.

Ұямдағы үйқы атаулы үйымай,
Атжылмандаій обыр оймен арбасты.

Көш-өмірдің көрсетері көп не өлі,
Арының да, дарының да далбаса.
Келем қажып, қу тірліктің
жоқ мәні,
Өлеңге азық болатыны болмаса.



БІЗДІЦ ЗАМАН

Жарнама заман жар болып,
Жарылқануда кіл “жақсы”.
Несіз дүние тар болып,
Киеніз қоғам құрмакшы.

Өздерін арға құл санап.
Ал, жібін күнде аттаған.
Көкірек көзін түмшалан,
Дүниенің шелі қантаған.

“Тілім-ай” дейді шүлдірлеп,
“Дінім-ай” дейді.
Іші — лас.
Кайтіп ол тіл мен дін білмек?
Сырына шындан тұшымас.

Тұлкі бон заман озғасын,
Тазы бон таппақ ым-жымын.
Жетімнің ішін көз жасын,
Жесірдің жеген ырзығын.

Елгілік оған емес — мұн.
Жұрт айттар:
Неткен кең еді!
Тек жүрек пенен өңештің.
Ауысып кеткен колемі.

Әкімге басын шүлгуда,
Назарын бүрмай ақынга.
Не дейді екен бұл қулар,
Тергелсе ардың сотында?!

Сеземін...

Алыс...

Алмасы

жарқ етіп,

шындық шығар күн.

Өздері қарға болғасын,

Көздері аман бұлардың.

Сұлулық десе ел неге,

Қалады үнсіз аңқиып.

Аргымактар түр кермеде,

Ал, құлақтар жүр қалқып...

БАС

Шашынан көп бон жаласы,
Канғытты Мағжан, Қасымды,
Берінген иттің баласы,
Кор қылды-ау алтын Басымды.

Алтаның добы қайран бас,
Таута да, тасқа ұрындың.
От пенен суды ойға алмас,
Казынасы — қатпар,
 жыры ... улгім.

Замандар озды уатып мың,
Күйілды көзден кекті жис.
Канжығасында уақыттың,
Байланын талай кетті бас.

Ашкөздік — аран тойдырмас,
Мәңгүрт қып басты құрсар қүш.
Шарапқа шара — кейбір бас,
Кейбір бас болған құлсалғыш.

Бас деген — бізде басқа өлем,
 Санасар ажал шіркінің.
Күніреніп кеіше бастап ең,
Жорыққа бетке ип **Күн** түбін.

Ежелден тұзы жеңіл ең,
 Соққының тиер жолы көп.
Оразбайлардың қолымен,
Коразбайлардың желі боп.

Сыңсытып құла түздерді,
Тарих боп, шіркін, жатар ма ек!
Құр дене ғана бізде енді,
Кеше гөр, Кене, Махамбет!

Күн кешкен Даала заңымен.
Не зұлмат туды басыма.
Мұхиттың еркін балығы ем,
Шіритін тұсым өсы ма?

Жоғалған кезде бас құны.
Тартады қайда жол қыры.
Ертоқым еді -- жастығы,
Креслога жұмсақ болды үйір.

Айуан етіп адамды
бастады заман жолсызға.
Тағы бір кеп дерте жамалды,
Жазылмай жүр еді онсыз да.

Тіл — мүкіс, көзім — қылилау,
Даңқымның бәрі — далбаса.
Жүргегім, жүйкем қүриды-ау,
Бұл басты жөнге салмаса!..



СЕН ЖЕТШІ. МУЗА!

Сен жетші, сиқырлы бір
саз лебіндей.
Немесе үлна сезім, наз көңілдей.
Жаным бар жырдың иісі
бүркыраған
Шық тұнған ғұл дестелі
жазғы өңірдей.

Сен жетші, өнге бассын
сырлы жүрек,
Жайнайын туган жердің
мың гүлі боп.
Заулайын батырлардың
дүлдүлі боп,
Сайрайын иран-бақтың
бүлбұлы боп.

Сен жетші, жарқырайын
шын асылдай.
Бұлактың тұмасындай,
бұла сырдай.
Арыным отқа-суга қарамасын,
Атығай-Қарауылдың Құласындай.

Сен жетші, жыр жүректің
жаунары көп,
Бір болсақ, балбұлактың
көусар үні ек.
Сезімім сыр пернеде билей кетсін,
Келі Тәттекемнің саусағы боп.

Сен жетши, жола салғаттыңін
Жаңылыштыңін,
Аржанаптағы жаңылыштыңін күміс шарыныңдағы.
Негізде әмбебінде жетши, жаңылыштыңін.
Демекіңің еш сен. Жаңылыштыңін айналаңыңын.

Сен жетши, ғалас-ғалас жаңылыштыңін.
Түштікес жаңылыштыңін
Жаңылыштыңін міндетті.
Тұрағандағы жаңылыштыңін ал ғарекаттыңін,
Демек Шыншатақтыңін шаңын өткізу.

Сен жетши, жаңылыштыңін
Салғындың жаңылыштыңін,
Абай-жарып жаңылыштыңін ал ғарекаттыңін.
Текшішар Қарындарғын жаңылыштыңін өткізу,
Сыкырғын Шыншатақтыңін
Жаңылыштыңін.

Сен жетши, жаңылыштыңін
Салғын жаңылыштыңін..
Сен де ғылыми тәжірибелін
Салғын жаңылыштыңін..
Тұрағандағы жаңылыштыңін жаңылыштыңін түштікес,
Шыншатақ, жаңылыштыңін бітін!..

5/5

Հետու միաս ճնշու պահանջ
 ուղարկ օդու,
 Աս, թե առաջ եւս առաջ
 բարեկա.
 Օգոստ միայն ապահովաց ուսու
 լուս պահանջ,
 Համայստ սոս,
 ապա ապա.

Междуряд. Октябрь 1945
Бакинская,

Пристань Сабуров, Азербайджанской республики.

Уважаемые члены Ученого совета АИИ. Уважаемые коллеги,

Здравствуйте, уважаемые друзья.

Հայուն — պատմ. հերկար — պատմ.
Ծառա ցալ
Ըստ առդյունքությունների առողջապահություն
առկա է առևտությունը.
Ըստ մեջք. մաւարժական բարեկան,
Ըստ լեռ ԱՌ պաշտոնը.

Օսման աշխատ պնդուածաւ առաջին վեհակ նշանը, ուր յիշուալ պահանջանա

Көзбек Ахмет — *Күнбек*

Голг салып таң Оңтүстіктердің
бір сліді,
Ешкін мұспіл ғылғыда.

Негізгілесід жүнделі жол
табады! —

Нұр-Шілдеш көзін іріңдейді жағасын.
Кариндең көзін соғада шындың білігі,
Сен пішінде етіп үйралын...



ՀԱԽԱԴԻԼ ՄԵՐՄԻՇԵ

Միշտույժ ովքանից ըստարձ,
Դիմ արած, նեյսկա լափուր.
Կուսակա շուռուց կատակալէ
Կարուտ աղբարձ և զիւհ.

Ֆայա լուսար լուսայէտ.
Ըստու քայլութեա այս եսի,
Սահման աշտաք և առանձարա,
Եօնան ստորդու աղբ չկար.

Միշտույժու, հոգածու ուր բայ լուսու.
Կրցէսու — ըստու ընտի.
Միշտուսի — ամէն ծան անքանու,
Տալուսու առաջնուն չկամու.

Անեապա աշտաք և օքանարու,
Խորութեա առաջ մաս մաս.
Ծանչութեա ուր ուղարկու ուր ուղարկու.
Ըստարայ անկանան նամնանա.

Արացրա սուսուր ուշադառու,
Աւասան սահման օքուտի.
Դու ալուսի շահուրա. Եսրու առած,
Դու ամուսի, տարչութու օքուտու.

Տարու լու, առաջակատ լուս կախու,
Անցր նու մաս ուստի լուս լու.
Եւսու անսակայ աշխ ևս եսի,
Եյսու տուտուու օքուտու.

Երկայն ուղարձի առա և ըստաւած,
Ենա աշխատ օտապահաց օգոստի.
Ազուրի աղջոկի ուղիւրացար,
Դաշի ան սպաթաքա օհանդ.

Ալլահատ տնօրինող սիրոց առ,
Կ վեճ կանոնի սեւնը.
Ֆիր ականք օհանդ, բաժինացար,
Ըստաւած քահանդ սովոր.

Անօրեսդ շահ ապահով տեսարու,
Անսա'րու տաշումա ապա առաջ.
Թէ առանձ աս լաշած սպաթաց.
Անք բահարին [Տարթառաւան] առան առ

Ապան առ Բայսան սպա առ առ,
Ծորուս առ լաշած առ առ...
Անսա'րու լաշած աչաքը նոր,
Անք բահարին ապահով տահան.



ԲԱԿԻՆԻԻ ԴՎՈՒԱՆԻ ԽԻՆԴԻ

"Եղանակ ձեռ աշխատ." *

ԱՐԵՆ.

Կալուք օգզիք խառնի ստի,
Կաչա ւը ծիզմիք չա-եպա.
Եղորդոյցիք ոչքի ուստ.
Եղյութ ու զարդ ու զար.

Եղորդոյց յի սոլի, օղորդոր
ՀԱ ԵՇԻ,
Ծաղացաւ ապուտ օվապա.
Մի-ստիք ուլից Մլուռդոք ոչտից.
Մլուռդոք զիւ յահականիւ.

Եղորդ ստի: Պա-մուլու ու կորդուր
ՄՇԱԿԱՀ,
Ըստ մասաս զիրսու մուսուս.
Ալուրդոր ուրդու: ՈՇ-ՇՇՈՒՐՋՈՒ ՈՒՐՋՈՒ.
Մորժակայ հաջու նքրեց.

Եղորդոյ ու զարդու: Խամուլուր ու ուշ.
Եղուկան տեսա Յու Եսանա.
Եղուկան, սաքմի: Սովոր ու պար ամ,
Ուստի ու ուղար տպուի?

ԴԱՒԹԻ ԾԱՐ

Изъясняючи түн-ай, яко Сибирь
Горыши ша сибирь.
Ихъ рече сюю бывъ Ай изъялера
Черногоръ сибирь?
Сибирь дастан даюшас сибирь
Сибирь даюш атлас,
Кандычыл дастан даюш атлас
Сибирь якъ сибирь.

Հայ-բակար օհ, լուրզ
ոմիւն տօղոլու,
Եսու տակար օպեր լի՛ ա
սպառան ըստեալ,
Այրաք չափս, ձե՛, զօրու
որ լուսաւու ուշացը,
Ուստի սահման աշխարհ է ա
սպառան ըստեալ.

ଅମ୍ବାର କୁଳ ହେ ଏହି,
 ଶିଖିଲାପିଲାମା ଦେବପାତାରେ ଦିନଜାଗା,
 ପିଲାଶିର ରେ ଲୋଟାରୀ, ରତ୍ନାରୀ ଉଥେ,
 ଅଧିକାର କରିଯାଉଛି
 କୁଳକାରୀ କାରୀରୀ
 କୁଳକାରୀ କାରୀରୀ
 କୁଳକାରୀ କାରୀରୀ
 କୁଳକାରୀ କାରୀରୀ

Այսուհետեւ Օյբելի անձնաւ
նույնութեա ՀԻ, ուս,
ՏԾղագործոց Դի սրբութ տառապալու
սրբակ էաւութ.

Հայոց ժամկետ

Դայան

Մշամահ օւս շամահուս
դար մոսքի
Խըստակ օւս քեռեր
լուրջուս մարտի.

Այս ժամկետ ու այս օր պահ
աշխարհի տառը,
Անշատութեա ցոյն, որուս այս
աղբաշխութեան սովոր.
Երեսում, ոչ յու յայտ օրուուր
անորու քօջու.
Կասկա, Շասկա, Պայտից
ցողութուուր ու Շայու...



* * *

Көкірегіме құйылған көркем
өн бе едің?
Есімнен танған бұл шақты
ертегі-ау дедім.
Мас бүгін ақын, оралтып
жастығын, отын,
Ернінің балы ерекше,
еркем-ау менің.

Мұң, шаттық – кезек,
(Қойсаңшы өмір дегенді),
Сенің жағаңа бастадым
сенім – кемемді.
Жанарапыңдағы сиқырлы,
жайдары нұрмен,
Өңірге келген жарқын жаз
көңілге де енді.

Тым бөлек мендік сезімнен көп
білген шындық,
Жүректі сорлы өртедің от
нұрмен сүмдық.
Кірпіктеріңе байладап ап аялы көзің,
Тұңғиығыңа кенеттен
кеттім мен сұңғін.

Қиялым бүгін төсінде
даланың керім,
Мың алуан бояу – кешуде
лала гүлдерін.
Тұңіліп жүрген шағымда
тіршілігіме,
Мағына берген маңғазым,
маралым менің.

Жылдылық тауып жүргенде жас
жанымға өрек,
Қақпасын ашты сыр сарай
басқа бір өлем.
Асқақ сезімнің самғайын
аспанына кең,
Амалым қайсы үштасып
жатса күнөмен.



СЕЗІМ

Мен Қозы да емеспін,
 Төлеген де,
 Кебектің де тағдыры менен өңге.
 Он күн өтті...
 Адасқан мына басым
 Өзіңе іңкөр керемет толы өлеңде!

Бал қиялмен атып таң,
 батып күнім,
 Жанарапыңнан жайнаған
 жақұт нұрын
 Кете алмадым ұмытып,
 дәрменсізбін,
 Жете алмадым, сонда да
 бақыттымын.

Шыңға біткен шынарсың
 гажап дара,
 Шақырасың лебіңнен наз ақтара.
 Ішім толы сезімнің арпалысы,
 Бақыт барын кім білген
 азапта да?

Нас сезім ғой аң-таң ғып
 елді барша,
 Қүйдіре алса, жүректі
 тоңдыра алса.
 Шын сүюдің шырынын бір-ақ рет
 Таттай кеткен өмірде
 сорлы қанша!..

У МЕН БАЛ

Ақыл мен сезім әлегі –
 Ақын мен тағдыр дүэлі.
 Не деген аңы бал еді,
 Не деген тәтті у еді...

Автор.

Тебірене төкті өлең,
 Оңаша, бұла тұн.
 Ойнаған өтпенен
 Тентектеу бір ақын.

Жұргенде өмірде
 Өзегі өртеніп.
 Кенеттен көңілге
 Жыр құйды ерке елік.

Тудырды керім жыр
 Сені аңсап, жас шынар.
 Фарышты кезіп жур,
 Сезімге мас шығар?

Сезімге мас шыгар,
 Жанары отты ару.
 Не деген аңы бал,
 Не деген тәтті-ақ у!

ТӨТТИМ МЕНИН

Тәттім менің,
Пөк нұр ма едің, жайнаған
ақ гүл ме едің.
Мұңмен өтер өмірдің
жарқын беті –
Бірге кетер өзіңмен шат құндерім.

Күнім менің,
Боз даламның аңқытқан
жырын керім.
Жалғыз сен ең жалғанда сезінетін
Жаурап жүрген жалғанның
дірілдерін.

Ботам менің,
Тәтті уынан сезімнің от алды ерін.
Өлін кетсем сол удан
арманым жок,
Тағы да бір, шіркін-ай,
татар ма едім.

Елігім-ау,
Жанға тегін қонбайды,
тегі, қырау.
Сезім өртеп, қинайды мені бұғау
Таптай қалдым әлемде сеңі мынау.

Адалым-ай,
Сағыныштың еседі самалы үдай.
Кеше гана ойлап па ем
Шуға толы
Қалады деп қаңырап қала бұлай!

Қала тұнжыр.
Тек сұық жел сумаң сез
таратып жүр...
Шарасынан көзіңің төгілді ме
Көусар күйі мәңгілік
қалатын жыр...



АСАУ СЕЗІМ

Асай сезім үзіп кетті-ау кермесін,
Жасаушы өзім сол күнөні.
Жасырайын мен несін?
Бір аруды көрдім-дағы,
Жүрісі де, күлісі де ерке тым,
Жүргімнің күй ілінген пернесін
Кірпігінің дірілімен шертетін.

Бұлт ішінен күн күлгендей
болады,

Күлкісінен нұр өріле,
жайрақ күліп жамалы,
Бойлай кіріп жүрегіме
үшқынымен көзіндегі отының,
Жайма-шуақ мінезінің самалы
Жайлап сипап сезімімнің кекілін.

Тұнық сырға малынгандай өлеңім,
Үміт шыңға өн асылын,
Соны аңсаумен келемін.
Гүл еріні сөл ашылып,
Қауызынан маржан тістер
сөуле аша,
Жарқыратар теңіз көнділ тереңін
Көмейінен гауһар күлкі сауласа.

Жанып тұрған жанарлары-ай
шашып от,
Зарықтырған таңдарша үзак,
Бақыттының басы бол
Аспан жаққа армансыз-ақ

Үшар ма едім, жұпар демін
жұтып қап,
Самал да енді соның жібек
шашы бол
Танауга енді хош иіспен
қытықтап.

Таң-сезімнің құшағына тағы ендім,
Қанша езілдім мұнды ойменен,
Сарсаң ойға сан ердім.
Санамды арбап нұр бейнемен
Тереңіне тартып кетті ол бірден.
Сұлулығын мынау аппақ әлемнің
Сол арқылы үғынатын
болдым мен...



МАХАМБЕТШЕ

Дабысымызды естіп күллі өлем,
Шың-құзға жаяр ма екенбіз.
Құба бір белде құламен
Жұлдыздай ағар ма екенбіз!

Арманның асау тұлпарын
Айға қарғытар ма екенбіз.
Аққу тамақтың жұпарын,
Аймалап жұтар ма екенбіз!

От жырмен, таңда пәк нұрмен
Жұынып тұрар ма екенбіз.
Құмайдай құйын екніммен
Кү үміт қуар ма екенбіз!

Жұылса таулар жауынмен,
Жаңғырта өн қылар ма екенбіз.
Аңқылдаң ақын қауыммен
Таңды таңға ұрап ма екенбіз!

Қара тұн болса сор заман.
Ай болып күлер ме екенбіз.
Зұлымдық бұлтын торлаған,
Жай болын тілер ме екенбіз!

Күшіген, қорқау құлқынды,
Қыран боп бүрер ме екенбіз.
Еркіндік дейтін шіркінді,
Үран ғып жүрер ме екенбіз!

От болып жүрек, жан жалын,
Сан елде сайрап ме екенбіз.
Қаракөз жүрттың ақ жанын
Арым деп ойлап өтерміз.
Әлемге айна етерміз!



АЛТЫН ТҮС

Мен түсімде алтын мұнар
жамылған,
Түр екенмін Баян таудың басында,
Алтын таңың шуағына малынған
Алтын қыз бар қасымда.

Алтынға алап бояныпты,
көл, шынар,
Алтын қанат акқуы өн
сап Баянның.
Алтын суға тамып алтын
тамшылар,
Алтын қызға қош дей алмай
ояндым.

Алтын күннен шашырап түр
сөүле-мұң,
Кайда қалдың, қайран алтын
дәуренім!



* * *

Сен неткен көрікті едің,
Елгезек, елең қаққан елік не едің?
Сананы сен боп жаулап арман елес,
Қағады тереземді келіп менің.

Сен неткен сүйкімді едің,
Тұндерде мені өбеді сиқыр лебің.
Кеулейді тосын мұң мен
жыр қеудемді,
Келмейді сосын мұлдем
үйқым менің.

Сен неткен нәзік едің,
Жайдары шуақ шашқан
жаз реңің.
Қапасын көңілімнің ұмыттырган,
Ботасың қылышы ерке, назы керім.

Сен неткен үяң едің,
Кеудемнің күмбірлеткен
куй өлемін.
Жыр қанат байлас ұшқан
өмірімді,
Бір қаран күлгөніце-ақ қияр едім.

Қарасың қалай өктем,
Жалт еткен сөттерімде
жанай өткен.
Байқашы, ақындарды ғашық етіп,
Түсінбей жанын бірақ,
талайы өткен.
Байқашы...

ЕЛЕҢ-АЛАҢ

Жас өскінді бекімеген бұныны,
Бұл қоғамда үмыт болған ар ізгі.
Желкілдетпей қатал қара суығы
Тез есейтіп жіберетін төрізді.

Онда тұрған не бар дерсіз сіз,
бәлкім,
Өскен жөн ғой өмірдің өз заңымен.
Әйтпесе, ерте қатал етіп ызғар
тым,
Айырмай ма ізгіліктің өнінен.

Компьютермен шырмалған ми-
жүрегі,
Жас үрпақтың қеудесі де керемет.
Мақта қызды мазақ етіп күледі,
Жерде жатқан мейіз оған не керек!

Күнөлі қол тарылтып өз тынысын,
Қысқартты адам ғұмырының
шоқтығын.

Сондықтан ба, үйытатын ұлысын,
Кемеліне келген қарт та жоқ бүгін.

Мақтанамыз -- ерлеріміз өтті сан,
Кайда енді Ғұн жеріндей кең
жүрек,
Себилерде балалықтан жоқ нышан,
Карттарымда даналықтан
белгі жоқ.

Ақыл-есті ақша арбауда күн санап,
Заман шері өзегінді өртейді.
Айналаны қою тұман тұмшалап,
Бізден ауып Күн батысқа еңкейді.

Аспандағы апнақ нүрмен араз ел,
Аранында аждаһаның-атомның.
Құрт қеулеген алма сынды
қара жер,
Жүрегінен айнымайды ақынның.

Ақша жұтпақ аңғал елдің
арманын,
Тамырынан ажыратпақ ол бәрін.
Шулап қалып жүрмесе екен
талдарым,
Қурап қалып жүрмесе екен
орманым!



* * *

“Азапты ойдың уын іштім бір апта.
 Арманымның аруанасы аңырап.
 Мөлдір көзді музам үшіп жыраққа.
 Карагандым қалды менің қаңырап...”

Бала кездегі өлеңнен.

Жанымда ойнатқан от алау,
 Көзіңе жететін бар ма өнші.
 Бұл мөлтек дәурен де өтеді-ау,
 Өмірдің өзіндей алдамышы.

Сезімге кім, сірә, тоя алмақ,
 Жеріңе серінді жет, өн ғып,
 Аядай аралда аялдан,
 Қайтадан мұхитқа бет алдық.

Ақ сүттей желкенің керіліп,
 Сен міндің өзіңің кеменде.
 Көз алдым бұлдыран көрінін,
 Мен міндім өзімнің кемеме.

Енді біз ешқашан қосылып,
 Арадың кешінде өн салмаспыз,
 Кемеден із қалды жосылып,
 Ал бізге қымбаты — алғашқы із.

Көзіміз аумайды мөлтілдеп,
 Аруана аңсаған ботадан.
 Алдыңда адудын толқын көн,
 Жеріңе қиналмай, жет аман.

Қарауым бұл, бәлкім, ақыргы,
 Қарама, мейлі, енді жараба.
 Бөтелке ішінен хатыңды,
 Кім оқыр екен қай жағада?!

ӨН КЕРЕК

Он керек ақ жүректер дерт
емгендे,
Үмітті жалғау үшін ертеңдерге.
Қиналып қимастықтан қайран
жаның,
Сарғайып сағыныштан өртенгенде.

Өн керек аспандаса арман лезде,
Ай нұры, жүлдyz жасы тамған
кезде.
Шаттықтың жыры ойнаса
көкіректе,
Ақтықтың нұры өйнаса аңғал
кезде.

Кайрат Аскар

Дауыс

Өн керек жалғыздықтан
жан жүдесе,
Көңілдер қол жетпеске ауды десе.
Арудың ай қабагы аясында
Мойылдай мәлдір көздер
жәудіресе.

Өн керек жыр кестені зерлі етуге,
Шабытпен сезімдерді селдетуге.
Қаталдық болмасын жер бетінде,
Аялап армандарды тербетуге.
Өн керек!..



ӨЛЕҢ

Өлең, өлең, өзінмен жиі үндестім,
Өзің барда өмірде иілмеспін.
Үғар емес сенің де сыйыңды
ешкім,
Үғар емес менің де күйімді ешкім.

Жүргіце ерекше басқа от құйып,
Көңіліме қалайсын мақсат биік.
Жанарымда жатасың жас бол
күйік,
Мандайыма жатасың тас бол тиіп.

Мамығы бол тәселіп сан ұяның,
Тымшысы бол ойнайсың дарияның.
Наз үніндө жатырсың арулардың,
Әжімінде жатырсың қарияның.

Шерді қозғап шертесің заман
мұнын,
Бірақ, сенің тұсінер бағаңды кім?
Сен жатырсың адамзат арманында,
Жер піарының тілеген амандығын.

Тартыласың адалға енші болып,
Жаралыны жазасың емші болып.
Сен шарлайсың бір бірін қанга
бояп,
Ереғескен елдерді елші болып.

Еңбекқордың теріне татырсың сен.
Жейдесіне бейнеттің ақырсың сен.

Киелі өлең, жүректің шын
сырысың,
Әркім үға бермейтін тылсым інпің.
Мен өзіңнен естімін күйкі өмірден
Күйінішті халықтың күрсінісін.

Тежеп кейде арынын асау
жырдың,
Салғырттыққа бағынып, бас
алдырдым,
Қызық көріп бос күлген
сөттерімде,
Мен өзіңе қиянат жасап жүрмін.

Тәңір өзі сыйлаған несібем ең,
Өзінді алыш, өнердің көшіне ерем.
Көп ойымды алыш ем іште өлтіріп,
Келдім қайта бас иіп,
кешір, өлең!..



* * *

Қыс.

Жол ашық.

Күн де ашық.

Фажап сурет далада.

Сол суретке бір ғашық

Сапар шекті қалаға.

Ұміт, арман көп іште

Ұзак жолда ой — серік.

Өлең деген өрістө

Ақын деген қойшы едік.

Күн қарды орап сөулеге

Еркелетер тәрізді.

Тәтті бір сыр кеудеме

Ентелетер тәрізді.

Қырлар аппақ қаймаққа

Батып кеткен тәрізді.

Кіршігі жоқ аймаққа

Жақұт сепкен тәрізді.

Жылт-жылт еткен құндыз жұн

Сөнге малған тәрізді.

Жыптылаған жүлдыз мың

Жерге қонған тәрізді.

Тіл, жүректің айт ойын,

“Ғашықпын де далама!”

Арман биік, қайтейін,

Мақсат алыс...

Қалада...

АҚЫНДЫҚ ПЕН СҮЛУЛЫҚ

Ақын біткеннің арманы
мені де баурап,
Ақку құстардың кете алмай
көлінен аулак,
Ата алмай онсыз сезімнің
таңы манаурап,
Арудың бәрін сүйемін
жаным алаулап.

Тегеуірін болмас тежеу ой
тентекке тегі,
Өзегін өртеп өзінің өр-текті екені.
Мың түрлі сұлу мың түрлі
еркелік сыйлап,
Жәудір жанарлар жанымды
өртеп кетеді.

Ор сезім қойған өрт ойдың
өтінде жүре,
Сенім мен үміт серігім
секілді өзіме.
Тасып жыр еттім табынған
сан сұлу қызды,
Фашық жүректің шалынған
соқыр көзіне.

Тілек бір өзі ақ болса,
мені ырза қылды,
Жүректің көзі сезімнің
шелін жамылды.

Жібек мінезді ай маңдай
тағы да бір қыз,
Жағып жалынды, кетті өртеп
нәзік жанымды.

Қызып түр қаным!
Жоқ мұлде ойымда секем,
Қызықтың бәрін бұл сөтке
айырбас етем.
Нас сұлулықты шыңынан
ал, ақындарды,
Ақ сыр үмітті жырынан
айырмаса екен!
Ақындық — Сұлулық!
Адамзат мойындаса екен!..



ЕЙ, АҚЫНДАР..

"Ақынды ақын оятыпса, болмайды.
Ақынды ақын таяктыса, ол – қайғы..."

Мүкәғали.

Жарқылдатып жалынның
жанарынан,
Тау тұрғызып тәкаппар талабынан,
Өлең атты бейтаныс сырлы өлемнің
Канат қақты көгіне бала қыран.

Жалын атқан жас жүрек
сағынып жыр,
Ұлы өнерге бас иіп табынып жүр.
Толар ма өлде, солар ма...
жыр өлкеде
Бүршік атып келеді тағы бір гүл.

Бір қазына бар өлі қазылмаған,
Бір өлең түр өлі де жазылмаған.
От бола ма белгісіз, жоқ бола ма,
Бір шырақ бар өлі де
жағылмаған.

Балалықтан, пәктікten
арылмаған,
Бір көніл бар жастықтан
жалындаған.
Бір тұлпар тұр кермеде
қантарулы
Бейгелерде дара кеп танылмаған.

Қандай тағдыр тұр еken
күтіп алдан?
Қандай тағдыр туса да құтыла
алман.
Қагидасы бар бірақ бұл
өмірдің –
Қашан да өлең ақынның
құты болған.

Ей, ақындар, дауылпаз, дара
шыңдар,
Жаны асылдар, жас жанга
жанашырлар,
Жарасу бар өмірде, таласу бар,
Сан асулар бар алда, сара сындар.
Санасындар, бізге де қарасындар.

Бересім бар, өмірде аласым бар,
Тамаша үлдар тудырган
Алашым бар,
Баласынба, менің де таласым бар.
Ей, ақындар, ортаңнан жол
ашындар!

ҰЛЫЛЫҚПЕН ҮНДЕСУ

Лаулайды келіп жалынша
жырым,
Саулайды көрік отынна ол.
Әр елге жарқын танылса Ұлы,
Әлемге алтын көпір – сол.

Бұл күні талап – жол біреулерге,
Құлқыны – тамақ, құлша өуре.
Қарамай жатқа, қонды кеудеме.
Дана Абай жаққан бір сөуле.

Сыйлы етіп сөзін тон жаратын кім,
Билетіп сезім аққуын?
Аңгармаса егер Мағжан ақынның
Ақ жанға себер төтті уын.

Қасиетті ойдың шын иесі кім,
Өсиеттей мың сыры бар?
Дана екен үққан дүние сырын,
Қанекең, Мұхаң ұлылар.

Асыл бір ұран, өнеге маған
Қасымның қыран тағдыры.
Бағынышты еткен Төлеген ағам,
Сағыныш төккен өн-жыры.

Жадымда жүрер жаңғырып өлең.
Бағым да – бұл ел, сорым да...
Мұса, Мәдидің тағдырыменен,
Мұқағали-мұң жолында.

Тамыр бол өсіп тереңге кеткен
Жалынды өр есіп жыр-күйін,
Жұмекен ағам өлең бол өткен –
Жыр етер өман бір биік.

Қыз көктем қайда төккен
ақ жауын,
Іздеткен жанға жайлы өнді?
Мұраты әйгілеп кеткен ақ жанын
Жұматай жүрек қайда өлгі?

Тарихы тасқа тұнғасын дала,
Танитын басқа кием не?
Олжас ағамның тұлғасы дара,
Ол – Жасағанның сыйы елге.

Дүние де ертең думандай тарқар.
Жыр киеде тек мәңгі үн бар.
Қызыққа миым уланбай, тартар.
Қызық та қын тағдырлар.

Бақыт дәметіп, текке сенделдім,
Уақытқа кетіп текке есем.
Аға алмай лықсын кетпесем
болды,
Жана алмай бықсып кетнесем.

* * *

Жаз жайлап, қыс Қамқорды
қыстайтұғын,
Ат баптап, жүйрік тазы
ұстайтұғын,
Күбісін тобылғымен ыстайтұғын,
Тұтіні тойсыз тұзу ұшпайтұғын,
Кең ел ек.

Қоңырым¹ Жібекіме² сыңар еді,
Ұл-қызы биіктікке құмар еді.
Ақ бұлттан сөлде оранып
асқақ шындар,
Жаз жылы жаңбыр жауып
тұрап еді
Себелеп.

Жанынды жадыратыш жазы өдемі,
Таңының тамсантатын таза лебі.
Шомылып ұзақ күнге өзеніне,
Шоршытып шортан аулау
ғажап еді
Ол ерек.

Соны іздер кездесер дең
қалталдан қай,
Сонарга шыққан күндер төтті
армандай,
Құла атпен бұландаңтып қу үмітті,
Қиқулап қоян қуған шақтар
қандай,
Керемет!

¹Қоңыр, Жібек – Қоңыртобе, Жібекшоқы тау атаулары.

Уақыт!

Кім тоқтатар, уа, сені?

Қойныңда қалды небір тұн өсемі.

Бізде бар, басқа елде жоқ

алтыбақан

Жастықтың жалын атқан

куәсі еді.

Бөлек от.

Жастығым бір белесте жеке
қалды-ау,

Мұңаймау, ол – өзімді скен алдау.

Бұлдірген сайындағы төтті сырлар

Бұлдірген еріндерде кете

барды-ау,

Не керек?!



ЕҢЛІККЕ

Атасы мен апасының баласы...
 Қолы жетпес өркімнің шында
 өссін деп,
 Тағдыр емес, жан жыры
 үндессін деп,
 Еңлік деп атапты елің сені,
 Нұр кешсін деп, биікпен
 тілдессін деп.

Сезімдерім сел болып, беу, мендегі,
 Фалам қойның шаттық – жел
 кеулер ме еді.
 Сағыныштан тұрады бұл күндері,
 Менің құйттай планетам
 кеудемдегі.

Сен өзің де баласың
 дейді ел маған.
 Балалыққа не жетсін сайрандаған.
 Балалық-ай, не жетсін
 жайрандаған,
 Құлық-сұмдық, мұң-зарды
 ойға алмаған.

Өзек болды өмірім аңсарлы әнге,
 Кекіліңнен сипар жел
 болсам ба өлде
 Арттағы ізің ақылман
 Абай айтқан,
 Адамзаттың баласы болса
 арман не?!

Атасы мен апасының баласы...

АУЫЛЫМА КЕТЕМ...

Ауылымам кетем, бауырыма
жетем мен ертең,
Сағынған шығар адырлар,
қырлар, кең олкем.
Қалам деп мұнда, толар деп
мұнға жанарым,
Жабыға көрме, қамыға берме,
сен, еркем!
Ауылымам кетем мен ертең...

Мың алуан бояу, ырғалған баяу
гүл біткен,
Жерімде, шіркін, көңілге тылсым
сыр бүккен.
Сүреңсіз өмір, жігерсіз көңіл
жүдетіп,
Аңсадым елді, шаршадым мен
бұл тірліктен.

Түрлі сөздерге, мұнды көздерге
кезігіп,
Көңілде кіrbің, көзімде бір мұн
сезіліп,
Жүдедім құрбым, іздедім жырдың
даласын,
Жігерді құм ғып, жіберді тірлік
мезі ғып.

Жайқалын нұы, шайқалып нұры
гүл мекен,
Ерке тұндері, шертетін желі
сыр бөтен.

Бауырым, агам, ауылым
аман-есен бе,
Мәрт жанды анам, қарттарым
аман жүр ме екен?

Самалы жұпар, нәр алып
жұтар ғажап тым,
Нұр себер нәрлі, жүрсе егер
жанды қажап мұң.
Ауасы қандай!
Дауасы бардай ерекше,
Сүйемін сені, киелі жері қазақтың!



ТУРМАҒАМБЕТ ТҮФҮРЫ

Толқыны жүрек тербетіп, өн сап,
Сезімді жатар тебірентіп өр сөт.
Сыр-ана қайран, құрсағы алтын
Аймандаі арыс перзентін аңсан,
Іңкөрі болып сен тудың!

Көкірегің тұнып нұр-өлең,
Жырыңдан жарқын ұміт түлеген.
Жасыңдан арбап сиқыры сөздің,
Жампозы жырдың, жігіттің ерен
Сұлтаны болып сен тудың!

Жаныңың нәрін халқыңа бердің.
Түйсініп сырын жарқын өлемнің.
Қиялы үшқыр, тілі өткір алмас,
Жыр-өні шыңға шалқыған елдің
Сүңқары болып сен тудың!

Сейіліп қайғым, қашсын деп
мұңым,
Өлемге қақпа ашсын деп білім,
Жаһанның жауһар жыр-
дастандары
Далама дархан шашсын деп нұрын
Жұрт өні болып сен тудың!

Жылқы болмысы жусап ызғарда,
Сүркия қоғам сусап ізгі арға,
Қызыл көз пәле қызырлы
жүрттың,

Қып-қызыл қанын суша
ағызғанда,
Ұлт ары болып сен тудың!

Жетімнің, жоқтың панасы болдың.
Дәуірдің озық данасына ердің.
Қасыреті қалың заманда зарлы,
Жері асыл елдің, тегі асыл ердің
Үрпағы болып сен тудың!

Жүргегің жуып жасымен елдің,
Сөзінді сұлу нәшімен өрдің.
Ақберен жырмен, алдаспан тілмен,
Жасын өлеңнің, асыл өнердің
Тұлпары болып сен тудың!

Тұлпары болып,
Жұрт өні болын,
Ұлт ары болып туғансың –
Риза Алашың,
Тұғырында сол қаласың!



БАЛҚАШ

Мыңғырған киік жайлаған
дархан белім-ай,
Төсінен тантып балбал тас,
баба мұсінді.
Балығы тайдай тулаған
шалқар көлім-ай,
Мөлдірей қалған даламның
жанары сынды.

Киігім қалмай, кәңілімде
күйігім бардай.
Балығың болын жүрегім
тулайды енді.
Жолбарыс тектім, шарлайтын
ширының қалмай,
Мұңайттық қалай қамысты,
қурайлы көлді?

Байлығың, Балқаш, бағыт аи
иеше жолдарға,
Сенімнің күшін байқатты
сендегі берік.
Қаһарын ұлттың тиеп ап
эшелондарға
Батысқа кеше тартып ең ел
кегі болып.

Емізсе елін қара жер,
балқытып тәнін
Деп өтті Қаныш, қайнаған
жігері ме едің?

Бабамнан қалған байтактың
шалқытып бағын.
Тамырда қанын ойнатқан
жүрегі ме едің?

Байлығынды еміл, өзімнен
басқа озды, білем.
Қалайша жатқа қалды екен
түсіп тез күнім?
Тұтінді аспан тұншықты
ашкөздігінен,
Мысынды басқан мысық мұрт,
қысық көздінің.

Жаһан біледі өзіңдей
жақұтым барын,
Жалғаннаның жарық көгіне
жұлдызың өрсін.
Жетпіске келген қаламның
бақытын, бағын,
Ең ұлы ұлттың жердегі,
ұл-қызы көрсін!!!



* * *

Еңсем түссе, ескермей елдің жүгін,
Жалқы бастың мұңына
 жармасам кең.
Бар-ды жалғыз бақыттың –
 мөлдір жырым,
Қатты алаңмын жоғалтып
 алмасам дең.

Неге сонша күйзелдім?
 От-жыр едім.
Көне шерткен көп сырлар
 көмескі қап.
Езіліп жүр бұл күнде ет-жүрегім,
 Елжіреген сезімнен емес, бірақ.

Ақындық – шер, адам аз
 оны үғар тым:
Әлімсақтан әлемге таныс түйін.
Сыртқа жүнін қампайтқан
 бөрі қалым,
Шыдар еді-ау бөріне, намыс қын.

Күйттеп жүрмін күйімді
 баққұмарша,
Аз-ақ күнде қор болып азат басым.
Нак Тәңірдің қаңары қатты болса,
Елге жетпей, тек мені азаптасын!

* * *

Көңіліме лағыл жас тұнып,
Көзімнен көп мұң саулатты-ау.
Алтынның буы мас қылышп,
Алладан кеттім аулақтау.

Алладан кетіп аулақ мен,
Қазынама да жетпедім.
Көп түрмай, сол бір сөуле, өттең,
Жалт етті жастық көктемім.

Күнөнің іштім шарабын,
Ізгілігімді жойғам жоқ.
Бағасыз менің бағалым,
Ішкізбей оны қойған жоқ.

Ақ сағыныштың көзі еді –
Арайдан туған айрықша ол.
Өмірлік жырдың өзегі,
Мендеңі жалғыз байлық сол!



ӨЛДЕ...

Кейде жүдеу күздеймін,
Сары мұңға жарыған.
Өлденені іздеймін,
Өлдекімді сағынам.

Кейде шөлмін құмайтты,
Уайым үрлен, шаңы үшқан.
Өлде, сол жан мұңайтты,
Өлдекәлай танысқан?

Жолықтым да жоқ мұңға.
Атпай қойды үміт-таң.
Өлде, құсым кеп түр ма,
Өлдекашан үмытқан?

Тербел сезім бесігін,
Төтті мұңға көп батқам.
Өлде, ашылды есігім,
Өлденеше рет қаққан?

Арман, жанға мұң қүйдиң,
Жаңым сендей уыз ақ ед,
Өлде, түнге сұңгимін,
Өлдекайдан Муза кеп?

Биік бағы бар таудың,
Шықсам деп ем шыңына.
Өлде, мен де арқаумын,
Өлдекімнің мұнына?

Тиянақсыз мұңлы ой тым,
Қанағат та жоқ сенде.
Өлде, ешкім білмейтін,
Өлдекайда кетсем бе?

ҰМІТ ДҮНИЕСІ

Өзегі өксік Алашқа,
Атты ма ақыры нұрлы таң?!
Байлығымды суша ағызған
мәрттігім,
Кеңдігім – кеше құт болған.
Айласы алпыс атанға жүк болған,
Үндісті, сартты қылды таң,
Үлтсызды, жойтты қылды таң.
Билік тисе, байыз тауып
жата алмай,
Қиналмай һем қақалмай,
Түйені түгімен, биені бүгімен
қылғытам.
Мейрамханада, сауықханада,
Ойынханада, мауықханада
Көуірдің сүйн сыңғытам.
Орманды отап ориына
Қараша жиған қаржыға
Тұрғыздым қорған, сырлы там.
Бергендей тегін несие алып
банктен,
Оның да өзін қайтара алмай
қалыппен,
Ертеңі күнге сырғытам.
Ойыма, жүйе, бойыма,
Жасаған тіпті тойыма
Еуропалық үлгі тән.
Домбыра, қобыз жай қалды,
Есектің қышқырғанына айналды
Даламның болған бір құты – өн.

* * *

Ашкөз жау алартқан көз
“Алтын дөн даласына”.
Тізгінін жоғалтқан кез
Тап келді-ау Алашым.

Жатса да шамам құрып,
Билігім былқ етпейді.
Айналам – қараңғылық,
Отаным нұр төкпейді.

Жүрт билік ығында түр
Шекпенін шешіп нарық.
Бай жерде тұрып жатыр
Қалтасы тесік халық.

Аңырып мал-жан қалды:
Жол – қатқақ, түяқ сынар,
Астықты ел арзан нанды
Жегені үят шығар.

Әр елге еншім бөліп,
Бабамнан бәсірем – тұл.
Қысық көз көршім келіп,
Мысымды басып ол түр.

Қалған жер қайда еншіге,
Түстік пе қатерлі ізге?
“Байқоңыр” бай көршіде
Уы да жетер бізге.

Су, өрман, дала сатам,
Кім құштар күйлі алқапқа?
Жер алсын ала шапан,
Қалмасын ши қалпақ та.

Ежелден далам – ырыс,
Байлықтың бұлағы шын.
Аққан тер, қара жұмыс
Үндістің жұмағы үшін.

Аспанкөз астам жүрттың
Ұлы алсын мұнайымды.
Онсыз да бас қаңғырттым,
Ұмытып құдайымды.

Мұхиттың аргы жағы
Қыдырып Айға барсын.
Біз баймыз, бармыз өлі,
Еркінше пайдалансын.

Отырсам болды, өрине,
Жанымнан жасын ұшып.
Түрік кеп салған үйде
Дүнгеннің асын ішіп.

Түсіңкі еңсем енді,
Үзіліп үміт өнім.
Аз ақша берсе болды,
Қазақша ұмытамын.

Баға да күйіп түр шын,
Таппадым мұлде ыңғайын.
Сөл қаржы құйып тұрсын,
Құлдыққа тұрмын дайын.

Ойымыз қандай семіз
Қойымыз ап-арық, ө,
Кірдік пе, ал, қайтеміз
Елу ел қатарына?..

ҚАСЫМ ШЫНЫ

Жалғасар ғұмыр ғұмырға,
Өлмейтін рухы болғасын,
Өлеңдің заңғар шынында
Баяғы Қасым – сол Қасым!

Өз елің өгей боп шығып,
Өзекке өксік, у түнды.
Жетімдік, тағдыр, жоқшылық
Жеңбеді қайсар рухынды.

Өмірге келіп еңбектен,
Еңсенді өттің түсірмей.
Елге өлең қалды ермек боп,
Жанынды ешкім түсінбей.

Зұлымдық шаншып ізгі ойды,
Саңқылдай шықты өр үнің.
Алашың енді іздейді,
Аңыз қып ақын өлімін.

Тәкаппар дүние назарын
Қаратқан қайран Қасым-жыр!
Қаратын емес, қазағың
Жалтақтан неге жасып жүр?

Байлығы, күші үстем жүрт
Тіл менен қолды байлады.
Өкнене кеше түскен құрт
Өзекті бүгін жайлады.

Аңсаган едің нұр таңын,
Басыңды қалың бұлт торлан.
Қаракөз енді үрпағың
Қазақстандық ұлт болмақ.

Күрсінген күмбір күйсіз бір,
Далаға тұнеп, мың налып,
Бар қазақ бүгін үйсіз жүр
Несие-торға шырмалып.

Қамады талай ызғарға
Қаракөл, елтірі заманы.
Тобырдан сол бір із бар ма?
Тек сенің жырың қалады!

Тамырда бұлкіл тынбасын
Аңсасаң қазақ өлеңін –
Баяғы Қасым – бір Қасым!
Баяғы күйің, өлеңің!



ТУҒАН ЖЕР ТРИПТИХІ

ҚАРҚАРАЛЫ

Алыстан көзді арбады,
Қарқаралының таулары.
Заңғары, жасыл орманы
Жанымды жастан баурады.

Қарагайлы орман, қайқаң бел,
Өр мүсін – қия, жартасы.
Жәудірей қалған “Шайтанкөл”
Арқаның лағыл алқасы.

Өтсе де небір қыын шақ,
Айбыны жаттан асқан жер.
Құнекең күдай үйін сап,
Алшекең алшаң басқан жер.

Қазыбек сынды биінен
Сарайын сырға қандырган.
Тәттімбет төтті күйімен
Әлемді естен тандырган.

Батырға жігер, ақынға ой
Дарытқан кием, айбарлым,
Абайдың ізі жатыр ғой,
Топырағыңнан айналдым.

Әлемге болған әйгі аты,
Тектінің бұл жер – тамыры.
Ахаңың қайтнас қайраты,
Жақаңың өшпес жалыны.

Келелі сөздің кесімі,
Жалынды сөздің жаңбыры.
Мәдидің жыр-өн бесігі,
Қасымның қыран тағдыры.

Тудырды ол небір тұлғаны,
Мартбектей қайсар батырды.
Қаһарман қыран үлдары
Аснанға жазды атымды.

Медет бер шыңға самғасам!
Жұлдыздан, желден сұрап көр –
Әлемді түгел шарласам,
Табам ба сендей жұмақ төр!



МЕН ТУФАН ЖЕР

Аптығып албырт көңіл ат
қамшылар,
Гүлдерден ыршып түсіп пәк
тамшылар.
Бесоба бүгін неге елеңдеп тұр,
Сағынып ұлы келе жатқан шығар?

Бесоба – Жамантастың бауырында,
Самалды Сарапқаның сауырында.
Арманшыл бір баласы алыста жүр.
Сағынып жауының да,
дауылдың да.

Жамантас – аты “жаман”,
заты – гажап,
Ежелдеи елігі – ерке,
ақыны – азат.
Әдетте ең асылын, аяулысын.
“Жаман” деп атайтын
да осы қазақ.

Тамылжып табиғаты тамсандырган,
Сағыныш сазы еседі аңсар қырдан.
Жұпар жел,
Ағайынның ақ пейілі
Аңқылдал қоя берді-ау қарсы
алдымнан.

Байқожа жатыр өне байсал ағып,
Қазына – қырат, қырқа,
сай-сала – құт.

Осындаі топырақтан өрбіген соң,
Үл-қызы жарқын міnez,
жайсаң анық.

Бұл елде мәрттік, өрлік сән
құргандай.
Сынбаған сын тартса да

тағдыр қандай.

Арқалап ел алғысын түр өлі де,
Имамы Өлімбектің салдырыған жай.

Тұған ел нұрын сеуіп, нәрін төге,
Кетті ғой көкке шалқып
көңіл төре,

Елжіреп, мейірленіп, жан анамдай
Қарайды Жібекшоқы, Қоңыртөбе.

Қолымды соза бердім домбырама,
Көңілге неге кенет қонды нала?
“Баласы басқарманың” бұла
өскен жер –
Қамқорда қайран үйдің
орны гана...

Құлпырып құба жоны, қүрен белі,
Ғажап қой күннен арай,
нұр емгені.

Бастайды Қызылтуға –
қызыр жүртқа
Аршалы Жамантастың сілемдері.

Қызылту – Наршөккенің етегінде,
Жыр төктім сырлы сезім
жетегінде.

Тасында таңба болып тарих жатыр,
Киелі бабалардың мекенінде.

Жан күйіп сағыныштың
отына мың,
Тістелеп қаламымды отырамын.
Жырымның нәрестесін өлдилеген,
Туган жер – қасиетті топырағым.



БІЗДІҢ АУЫЛ

Сағыныш толы жүрегім
Шарпылып сезім отына,
Тұғырым туган, тірегім –
Келемін Қарашоқыма.

Жөл ашқан өмір – тасқынға
Аманат артып тым ауыр,
Қырқаның сонау астында
Аядай ғана тұр ауыл.

Аядай ғана ауылым,
Тұтіні тұзу ұшады.
Маздатар жаниның жалынын,
Анадай ыстық құшағы.

Нұрымен ыстық сәлемнің
Ойнады қанда от бірден.
Мейірім толы өлемнің
Баурына сұңгіп кеттім мен.

“Ұмытып кеткен жоқсың ба?”
Деп сынап қарттар қарайды, –
“Шұлы өмір тартқан көн сынға
Төтеп бір берсең жарайды”.

Біз үшін жүрер алаң бол,
Аналар – ырыс, мол несіп.
Ішінде Құлөш анам жоқ,
Мекені енді – жер-бесік...

Аталар откен сайрандап,
Ыстығы-ай мына мекеннің!
Көзі жоқ жүрер жайраңдап,
Жұман мен Мираш өкемнің.

Агатын момын, сәл тынып,
Бал күнге күе гажайып.
Байырдың сұы тартылып,
Қалыпты дейді азайып.

Ағалар қандай аңқылдақ!
Жанашыр көңілі жарасып,
Женгелерім де жарқылдаپ,
Шақырар дөмге таласып.

Ақкоңіл жезделерім мен
Мейірбан апаларымнан –
Дарыған дархан жерімнен
Кен, жомарт мінез танылған.

Мөлдіреп көзі қараган,
Көңілдері де молдіреп,
Дос-құрбы риза, қаладан
“Атақты құрдас” келді деп.

Келмейсің күнде ауылга өр,
Тұрады қайтіп жүгірмей?
Құлдыраң қакты бауырлар,
Кешегі құлын күнімдей.

Береке қонған қыр елі,
Өр үйдің шаттық – ауласы.

Аузынан түспей үнемі
“Шұқірі” менен “тәубасы”.

Сұрасан, міне, досым-ай,
Ауылым жатыр осылай.
Қындық болса, жасымай,
Мерейі асса, тасымай.

Қалар ем, сенде кең өлкем,
Арман көп алға шақырган.
Аттанам тағы мен ертең
Аяулы Қарашоқымнан.

Шуағын еміп жайдарман,
Бұландаң оскен бұла үл,
Кіндігім мөңгі байланған,
Қазығым алтын – бұл ауыл!



ЗООБАҚТАҒЫ БАРЫСҚА

Ар ма, таудың тағысы
төкаппарым,
Жан біткенді тұратын матап кәрің.
Аңғармасың аңдушың адам болса,
Шатқалда да шырғалаң
шатақ барын.

Ар ма, тектім, от шашқан
көзің қнейда?
Темірдей ме өлі күн төзім бойда.
Арқарды да ай мүйіз алын ұрап
Аламысың керемет кезінді ойға?

Алмас азу, қанжар тіс,
өтты жанар,
Семсер тырнақ, сом кеуде
топты жаарар.
Қашан мыпау құтылып
тар қапастан,
Зар-мұңынды шындарға
жеткізе алар?

Мекен еттің сен, бәлкім, Алатауды,
Тарбағатай я Алтай, Қарататуды.
Бір білерім – адамнан айырман
зор –

Туған жерін сатпайды аң атаулы...

Сен – тұтқынсың, ел мынау –
елен-алаң...
Қаталдыққа бой ұрды себебі Адам.

Тұрғаныңды ұмытын темір торда,
Мұсіркеумен қарайсың, неғе маған?

Қапастағы қимылың баяу, сұлық,
Көзің – отсыз, көңілің – қаяу,
Сынық.

Сейте тұра, тәканипар тағылышпен
Неге маған білдірдің аяушылық?

Өр едің ғой қаныңда өрт барында,
Аяқ жетпес асуда жортқаныңда.
Сен – тұтқынсың, мен болсам
Үйге қайтам
Егемен ел, тас қала, төрт
қабырға...



АППАҚ ӨЛЕҢ

Қар жауып түр. Құн тымық.

Маңай аппак.

Үйықтап жатқан сезімді он оятпак.

Кеудем күмбір, сиқырлы

сырга толы

Жақсы өлеңді жатқандай жаңа

аяқтап.

Үйлер аппак, тал аппак,

аппак маңай,

Ақзер өлем ак шуақ, қантатты

арай.

Тамылжыған осынау табиғаттың

Көкірегіме күйылған төп-төтті

әні-ай.

Ақ көрпесін қымтанды тобе,

бектер,

Ақ үлпасын аспанның жер

өбектер.

Қоның жатыр аймаққа,

қонып жатыр

Мың-миллион ак қанат көбелектер.

Ақ сөулелі өлемге етене еніп,

Еріп барам, қашанғы жетеді ерік.

Ақша маңдай, албырт өң,

ак тамакқа

Қонады да аппак қар, кетеді еріп.

Алпақ таңда тыныстап нүр ауамен,
Ақ жүргім атқактап тұр-ау өрең.
Шыныменен қара жер күнөсіз бе,
Кіршіксіз бе шынымен мынау
әлем?..



АНА

Ана, сенің көңілің –
 арайлы ақ таң,
 Есімінді етпеймін қалай мақтан.
 Тірекісің өлемнің, жүрегісің
 Тамырында тірліктің
 қан ойнатқан.

Серік маған сен барда
 мұрат, арман
 Тек қуаныш күтемін бұла таңдан.
 Ай сөулесі, күн нұры, ақзер өлем
 Мейірінен ананың қуат алған.

Көкірегіне орнаған даала жұмак
 Сол жұмактан кеткелі қалаға ұзап
 Сәлем жолдап жүрмісің
 сағынышты
 Үшқан құстың соңынан
 қарап ұзак.



МАҒЖАНҒА

Біздің батыр б-ға жеткенімен,
Ерлеп-ақ тұр, қол созып
“5”-ке кілец.

Құлдыраңдап кетеді мектебіне,
Құлдыраңдан келеді мектебінен.

- Өке, Абай атаның
шын аты кім?
- Ибраһим деген ол ұлы ақының.
- Абылай ханның айтшы
енді шын есімін
- Әбілмансұр! Хан болған
мұраты – ұлы.

Және бірде келеді жиып бір ой,
Жиып бір ой, ол, өзі –
биік бір ой.

- Папа, Мағжан ақынды
неге атқан,
- Ол өзінің қазағын сүйіпті ғой?
- Көрмеген шақ азаттық
таңын, жаным,
Атты ұлтыңың астам жұрт
дарындарын.

Көңілінен айналып, толғанамыз
Білгісі кеп тұратын бәрін-бәрін.

Солай болған тарихта, амал қанша,
Қазағыңа төнбеді зауал қанша?

Кейін келе үғарсың, тұсінерсің,
Өмір өзі тартатын сауал қанша.

Сан арманнан бойына күш
таралып,
Әдемі етіп жазуға құштар анық.
Кіп-кішкентай, сүйкімді
саусағымен
Кіп-кішкентай қаламын
ұстап алып.

Жас “жігіттен” тыңдайтын
жақсы сыр көп
Көңіліне ойы жоқ дақ тұсірмек –
Сыныптасы (болашақ
келін бе екен?..)
Жымыпты: “Сен сондай
тәттісің!” – деп...

Көрік беріп ақ үміт көктеміне,
Басын иген үл болсын текті еліне.
...Сөмкесі үлкен өзінен,
соны арқалап,
Құлдыраңдап барады мектебіне..

ШЫҒЫСТЫҢ ШӘРБАТ ТАҢЫ ЕДІҢ

Шығыстың шәрбат таңы едің
Кірпігін күннің көтерген.
Өдемі менің өлемім,
Дарига-ай, құс бол жетер ме ем!

Үміттей үлбір гүл едің,
Қай күні сазым жетеді?
Өзің деп соққан жүрегім –
Сезімнің сырлы мекені.

Сағыныш бәрі сол шактың,
Керемет күндер қайда өлгі?
Мөлт еткен көзде моншақ мұң
Мәп-мәлдір өнге айналды.

Аңсар күй, асыл жыр ма едің
Аялар аспан, кең дала.
Жан сырым, жаным, бұл менің,
Жүректің өні сен ғана!

СЕН – АРМАНЫМ

Сен – арманым менің,
 Сенсіз атты таңдарым керім.
 Жаным құштар жайдарлым,
 Сағынышқа айналдың,
 Жалын құшқан қайда күндерім?
 Алып – үшқан, беу, қайран күн!

Сен – елігім менің,
 Көптен көрмей көңілімде мұң.
 Көктемдегі қырмызым,
 Көгімдегі жұлдызым,
 Аңсатты ғой сері күндерім,
 Шұғыла шашқан нұр жүзің.

Сен – жан самалымсың,
 Ақзер өлем тамсанар күнсің.
 Жайнап жанған шырагым,
 Айдан тамған шуағым,
 Қолым жетпес аңсар өнімсің,
 Шындағы сұлу шынарым.

Сен – сағынышымсың,
 Ардай аппақ ару құсымсың.
 Қарлығашым ақ тамақ,
 Заңгарларға қақ қанат,
 Өмір саған бағын ұсынсын.
 ...Жүректі кеттің отқа орап.

АПАМ

“Бейуақта үйқтама”, –
дейтін апам,
Күндіз-тұні қамымды жейтін апам.
Сол мейірмен көз іліп
мақпал тұнде,
Бейбіт нұрмен ататын
бейкүнә таң...

“Құшақтама тізенді”, –
дейтін апам,
Күндіз-тұні қамымды жейтін апам.
Содан соң ба, жалғыздық
жоламады
Кемсендеген кейуана кейпіне тән.

“Жерге қойма бөркінді”, –
дейтін апам,
Күндіз-тұні қамымды жейтін апам.
Кей түндері түсімде сол бөркімді
Жерге үрады бір міскін
кейпі қатаң...

Қай енді сол “Ботам-ау!..” –
дейтін апам,
Үшық жасап, қамымды
жейтін апам?..

ЛБАЙГА

Мұңға батып тұңғиық,
 Құт-бејекем қашқанда.
 Көкірегіме нұр құйып,
 Сөule сентің жас жанға.
 Көкжиектен өрі астың,
 Сенің жырың – басқа арна.
 Абайы бар Алаштың
 Абыройы аспанда!

Қу дүниеге пендениң,
 Құл нәпсің қозған-ды.
 Жерде қалды жердегің,
 Топырақ бол тозды өлгі.
 Нарға артатын жүк бөлек,
 Уақыт көші қозғалды.
 Қарынбайдан түк те жок,
 Ал, Абайдан Сөз қалды!

Құйзелгені-ай елімнің,
 Сан сүрініп, сан құлап.
 “Алтын, ақша – өмірдің
 Мәні” – дейді. Сандырақ!
 Отken күннен бар-ау із,
 (Байлық па еken бар мұрат?)
 Алтыбақан, алауыз
 Алаштың түр абдырап...

Заты текті занғарын,
 Нұсқап едің тереңге.
 “Өзі де рас Алланың
 Сөзі де рас” – дегенде.

Ар-иманның шын нұрын,
Септігі жоқ себерге
Ұялады түрлі дін
Тиянағы жоқ елге...

Шайырыңның бағасы –
“Алтын тордың бұлбұлы”.
Шыңғырғаның қараши
Шырқыраған шындығы.
Тыйылмаса таласы,
Тозады-ау жүрт бірлігі.
Ел мен билік арасы –
Құлембайдың тірлігі.

Тұра алмадың әртөнбей,
Айналған соң өлеңге.
Қыран басың еңкеймей
Құзғын үшқан төменге.
Зары бөлек заманда
Қорған болып сен елге,
Тамшы ойнады жанарда,
Қамшы ойнады төбенде.

Кеміп айбар, айбыны
Бұлінбесін жүрт іші.
Сапырылын байлығы
Және баққан жылқысы
Заманына – адамы,
Қасқыры бар, тұлқісі.
Жат арқаңдан қағады
Миғында күлкісі.

Өлең қалды артында
Ермек үшін жазбаған.
Жүректерді шарпуда
Жырдың оты маздаған.
Мынау аңғал халқында
Сабыр болсын аздаған.
Қолда елінді, нар тұлға
Өулиедей өз бабам!



ЖАЛҒЫЗ ТЕРЕК

Жаз жөң жаяр кілемін
қырмызы етіп,
Ертең қыс та келеді-ау
сүр күз өтіп.

Ескі жұртын қалаға көшкен елдің
Жалқы үй, жалғыз бәйтерек
тұр күзетін.

Қанша заман төсінде арда белдің
Саясы еді сандаган саңлақ ердің.
Күе қан мен теріне бұл бәйтерек
Өзін күткен бейкүнә, бағбан елдің.

Бұл аймаққа, көп болды,
нөр тамбады,
Жадау көкке жүдеу қарт
жаутандады.

Корығаны ұрыдан жалғыз мөстек,
Оны да осы араға арқандады.

Қалың жұрты қалаға кетті, тынды.
Қайдан алсын қартқа да
жоқ күтімді.
Жасыл желең, жас өскін
көрінбейді,
Азын-аулақ ешкі-лақ жеп бітірді.

Еске салып кешегі күнін сыйлы,
Аймалаған болып жел қылымсиды.
Дала зарын боздатса дауыл тұрып,
Бұтақтары арса-арса ыңырсиды.

Еңсесі оқшау көрінген гүл абаттан
Тұлғалы еді.
Қандай күш тұралатқан?
Бұлақ көзі айналды бітелуге,
Жылғалардан қайыр жоқ
жылап аққан.

Төсін тұлнар тұяғы дүркіретken,
Алып терек аңсайды
жүртyn өткен,
Жас өскінгө қараймын
жаным тоңып,
Қазан үрмай, қар жаумай,
сүрқы кеткен.

Алып терек самұрық қанатындай.
Бағзы мұңын қозғаған
көрі ақындай.
Бұл ағашқа қарғалар қожа қазір,
Аулақ үшса, адыра қалатындай.

Жаздың күні болатын мұң да төтті,
Салқын шықтан сүмбіле
сырға тақты.
Ұшақ үшып барады дәл төбеде,
Елең қылмай жердегі
бір ноқатты...

ЖАРЫҚТЫҚ АУЫЛ ТҮНІ

Жарықтық ауылдағы
жаздың түні-ай!
Төгілген сиқырлы өуен,
саз бүркүрай.
Даңқы – аңыз, табындырган
нар далам-ай,
Қалқа қыз, сағындырган
наз күлкің-ай.

Жарықтық ауыл түні. Қасқа бұлақ.
Ай жатыр акқу төс бұлт
жастанып ап.
Отызда ойлы көзбен мұң шағамын
Өсері он сегіздің басқа бірақ.

Тағы да жаздың түні. Баяғы ауыл.
Дегендей: “Өр сөтімді аяла, үл!”
Балғын кез бар сырымды
көкке жайған,
Бұл шақтың неге екенін...
баяны ауыр...

Жаз түні. Бүйіғы ауыл.
Бұрынғы қыр.
Жүзіне жұлдыздардың жүгірді нұр.
Сыр ашар қоңыраулы, күміс үнмен
Қыр асып кетті қайда
құлын гұмыр.

Жарықтық жаздың түні.
Жұлдызы аспан.
Жыл акты мойынды артқа
бұрғызбастан.

Қайран шақ, жүрегінді бір
қызға ариап,
Қызулы құшағыңды бір
қызға ашқан.

Ауылдың айлы тұні.

Сол шабындық.

Талыққан күзетшідей сонша мұлгіп.
Еркелеп, еліктірмей, елең қылмай,
Еріксіз кірпіктерге моншақ ілдік.

Қайран тұн қайталанбас,
қайтем енді.

Ол күнде су – арналы,
сай – терең-ді.

Жырақтан өлдекалай кісінер деп,
Іздеймін құлынымды – Айтөбелді.

Жанға жай жаздың тұні.

Сол бір мекен.

Сен кеше мол береке,
көл құрмет ең.

Ағайын көшті үдерे, қалада өлде,
Тұн нұрлы, таңы сенен
мөлдір ме екен?

Кеудеме күй қондырған
жаздың тұні-ай.

Фаламат сол күйдегі
саздың тілі-ай.

Көнсеніз, жалғыз рет келсеңіз ед.
Он сегіз, жәудір жанар,
наز күлкің-ай.

Жарықтық жаздың тұні-ай!

ЖЫР-ТАҒДЫР

(Қасым рухына)

Көк бөрінің көкірегін емгенде,
Күй кешем деп ойлан па едім
шерменде.

Аласұрып өтеміз-ау өмірден
Өзімізді сыйғыза алмай шеңберге.

Домбырамның кілт үзілсе ішегі,
Әбіл-Қабыл майданының сұсы еді.
Ақын тағдыр нысанага іліксе
Ахиллестің өкшесі еске түседі.

Әлем аң-таң тасқа жазған
хатымды ап,

Деп көмейден жыр төгілді
лақылдал.

Көп күншілдің көзі, сөзі
шыжғырын,

Кеудесі, әне, бара жатыр
лапылдал.

Жалнағынан басып жалғыз
жалғанды,

Жыр оқыды ол күніреніп
барларды.

Сайтандардың уын ішіп алданды,
Сайқалдардың құшағына арбалды.

Тірсегінен қиса да өмір тұзагы,
Ол тобырдың шырқын
күнде бұзады.

Елін сатқан опасызға ызалы,
Жерін сатқан отансызға ызалы.

Абайлардың патшалығы ғаламат,
Мағжан, Қасым, Мұқағали...
аралап.

Нұр көгінен қара жерге қарайды
Кеше ғана жанын жеген жарапал.

Өлең-өмір! Одан басқа жоқ шешім!
Кім керемет, тарих өзі екшесін.
Қатал қоғам кезеніл түр садағын
Нысанага ап Ахиллестің өкшесін...

ҰСТАЗҒА

(Ләззат Бәйішқызына)

Байыпты толғам, байсалды лебіз,
Фибратыңнан сыр үққам.
Нәзіктігі мен қайсарлығы егіз,
Шынарсың шында шыныққан.

Абайдан асқан ақын өткен бе?
Жасыта алмаған жау кегі.
Маздатып құйдың көкіректерге
Сол Хакім жаққан сөулені.

Жалтақтаң жатқа жау іздемедің,
Жатса да заман құрықтап.
Абылайханды жауыз демедің,
Құнанбай атын ұлықтап.

Сезінген өлем, шартараң үнін,
Ақынның жүрек лұпілін
Тауындей асқақ Қарқаралының
Бекзада болмыс бітімің.

Қарағай, арша жұпар бүршігі,
Жаныңда тыныс болғандай.
Телегей-теңіз Мұхаңың сыры
Жадыңда жастан қонғандай.

Тамырында ойнан бір ағыс ұлы,
Сөттеріңде де ең шерлі
Тағдырдың талай сыйағы, сыны
Еңкейте алмады еңсенді.

Өзін қайрайтын өзгеге құлмей,
Пейілі аққа көл ең сен.
Қыл мен қыбырды көзге де ілмей,
Биіктей берді өр еңсөң.

Таза нұр – арың тұмаға тұнар,
Жақсыдан алдың жан емін.
Бойында Ұлжан ұлағаты бар,
Зердесі Зере өженің.

“Тірегің дара – Ел ана ғана,
Ерлікті ту ет жасымай!”
Қарқабат, Ұмай, Домалақ ана
Жебеген шығар осылай.

Аяулы ұстаз досымдай кей күн,
Өкемдей тіпті, қарашы!
Әлемге жар сан, осындай деймін
Ең ұлы елдің анасы!

ДЕПРЕССИЯ

Жүрек қысып,
Кетіп баря жатырмын түнекке ұшып.
Жатырқаган жалғанды жанарымда
Жазықсыз дір етті ішкі.

Қаным үйып,
Айналамның бәрі мұң, бәрі күйік.
Боэторғай жыр шырылдан қона
алмай жүр
Бауыры, тәні күйіп.

Бас мәңгіріп,
Сырлы, сұлу сезімді жастандырып,
Мына жалған безерді бетін бермей,
Жанардан жас тамдырып.

Көңіл жүдеп,
Өксігендей шерте алмай
шерін жүрек.
Қара сұық тоңдырды. Туган жердің
Аңсадым желін жібек.

Сана – тұман,
Тағы мұңдан айықпай таң атырам.
Қыран қиял қияға жете алмайды
Қайрылып қанатынан.

Кешір, Аллам!
Тек қиналған сөтімде есіме алғам...
Келеді деп қашанғы үміттенем
Үйрыс нен несібе алдан.
Есіл арман...

САРГАЙҒАН ПАРАҚТАР

Жастығымның жадымнан
өшпесі анық,
Жүруші едім басқа өрлен,
төске шауып.
Жатыр үйде сарғайған парактарым
Жаркын кезді керемет еске салып.

Онда аппақ арманым көмкерілген,
Онда небір сырлардан зер төгілген.
Жатыр бәрі... досымның
асқақ жыры,
Менің нәзік лирикам ерке өрілген.

Сол парактар... сарғайған
сағыныштар,
Ерке наздар, қуаныш,
жабығыстар...
Жайраң қағын бір бала
жүруші еді
Жақсылықтар жасауға
жаны құштар.

Сағынышты жолдарға
қараймын да,
Батқанымды байқамай
қалай мұнға,
Аңгал, аннақ күнімді іздеп кетем
Ақ кемемді жүздірген ақ айдынға.

Көне сұрғылт, қоңілсіз қала мынау,
Көніл терезесінде нала-қырау.

Сол сарғайған, жыртылған
пақтардай
Мен өзім де мұжіліп барамын-ау.

Кеудем толы жалын мен
күш еді аскак,
(Рухым қашан тор бұзып,
кісен ашпак?)
Қатал сырын өмірдің сездіргендей
Мандайға өжім, шашыма ақ
түсе бастап...

Адам, тегі, бәрін де
жаста сүймек...
Кейін жүрер кеудесін
босқа сүйреп.
Қалың қауым қаумалап
жүруші еді,
Бұл күндері қалыпты дос та сиреп...

Қандай гажап өн еді
“Қанатталды”!..
Жастық бағын іздеймін –
абатты өлгі.
Көзіме жас, көңілге мұң іркілер
Көрген сайын сарғайған
пақтарды.

САРАРҚА

Сарапқа – сағым дағам,
сайын далам,
Ұл-қызың құдіретінді мойындаған.
Тербелсең сенің алтын бесігінде,
Тәңірім несібемнен айырмаған.

Перзентің батыр, палуан,
өнші, сері,
Бозторғай ізгіліктің жарышы еді.
Айнадай мәлдіреген өзен-көлің
Аққудың көзіндегі тамшысы еді.

Атқанда көкжиектен арайладап таң.
Сыр сурет жүргегімде өн ойнатқан.
Елімнің асқақтығын сезінемін
Осынау кие тұнған кең аймақтан.

Сарапқа ертегісің, еңселісің,
Өнімді төге берем мен сен үшін.
Сұлулық, ұлылықтың өлшемісің,
Жанымның ажырамас бөлшегісің.

ЖУМБАҚ СЫР

Тамылжыған өуенім-ай жаны ізгі,
Ай ажарың тірілтер сан аңызды.
Сенің де, айнам, құпияң бар
ғаламат

Джоконданың жымысы тәрізді.

Арамыздың бәрі сынақ, бәрі сын,
Үзілмейтін үмітімнің нәрісің.
Алысымның ішіндегі жақыным,
Жақынымның ішіндегі алысым.

Жасқанбай-ақ жай отынан,
бұлтынан,
Сезімдердің құрсауында бұлдынам.
Тылсым сырың – үштағаны
Бермудтың,
Көре тұра, көzsіз соған үмтылам.

Жар бол Тәңір жарым сынды
кешірсе...
Қайтем, көкке нұр бейнеңді
кеш ілсе.
Жұмағымнан аласталып кетем-ау
Жұмбақ пенен жұқа көйлек
шешілсе...

МАЗМУНЫ

“Еліне еркін еркелен өскен...”	3
Тұнгі ауыл	4
“Өмір-төңіз...”	8
Тіршілік	9
Салыныш	10
“Көлгір созғе тым құмар коп пейде...”	11
Дауылнаң Қасымга	13
Қайран, достир!	16
Мен өзінді	18
“Мен келемін ақындық жүк арқалап...”	20
Элегия	21
Күш	22
Қайды?	24
Қоңыр кеш	26
Тұрлі-түсті өлем. Ақын	27
Тұнгі Қираганды	29
Періштенің тұзы жеңіл	30
Дауыс	31
“Айлар ақты, мұршасы жоқ аялға...”	32
Жұлдыздар	33
Алаш анатомиясы	35
“Ішім жылап қалды-ну менің...”	38
“Жұруші едім асқақ мінез, ирынмен...”	40
Біздің заман	41
Бас	43
Сен жетші, Мұза!	45
Сен	47
Қанатты періште	49
Ғабециңің “Ұлпан” романы	51
Тұнгі сыр	52
Көкірегіме құйылған көркем өн бе едің?	54
Сезім	56
“Тамылжып атқан...”	57
У мен бал	58
Төттім менің	59
Асау сезім	61
Махамбетше	63
Алтын тұс	65
“Сен неткен көрікті едің...”	66

Елең·алаң.....	67
“Жанымда ойнатқан от алау...”.....	69
Өн керек.....	70
Өлең.....	72
“Кыс...”.....	75
Ақындық пен Сұлулық.....	76
Ей, ақындар.....	78
Ұлылықсем үндесу.....	80
Жыз жайлап, қыс Қамқорды қыстайтұтын....	82
Еңлікке.....	84
Ауылыма кетем.....	85
Тұрмғимбет тұғыры.....	87
Балқаш.....	89
“Еңсем түссе, ескермей елдің жүгін...”.....	91
“Көңіліме лагыл жас тұнып...”.....	92
Әлде.....	93
Үміт дүниесі.....	94
Анкоз жау алартқан көз.....	96
Қысым шыны.....	98

Тұған жер триптихі

Қаржыралы.....	100
Мен тұған жер.....	102
Біздің ауыл.....	105
Зосбақтағы бирынша.....	108
Аппак өлең.....	110
Лана.....	112
Магжанға.....	113
Шығыстың шербат таңы едің.....	115
Сен – арминым.....	116
Аним.....	117
Абайға.....	118
Жалғыз терек.....	121
Жарықтық ауыл тұні.....	123
Жыр·тайдыр.....	125
Үстазғи.....	127
Депрессия.....	129
Сарғайған парактар.....	130
Сарарқа.....	132
Жұмбық сыр.....	133

Қайрат Асқар

Дауыс

**Сарашасы – Ұлжанас Зоурбековна
Техникалық сараңысы, белгендірген және
беттеген – Нұрғұл Септахметовна**

Теруге 25.03.11 жіберілді. Басуга 19.04.11 көд койылды.
Калызы оффсеттік. Қаршы түрі "Таймс". Пішімі 84x90^{1/32}.
Оффсеттік басылыш. Баспа табагы 8,5 б.т. Шартты баспа табагы
6,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 506. Келісімді баға.

НБ № 5089

"Жалын баспасы" Жауапкершілік шектеуді серіктестіп.
050009, Алматы қаласы, Абай даңызыла, 143/93-үй.
Тел.: (727) 394-36-40



ЖПИС РПБК «Дауір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңызыла, 93а. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: rpik-daur81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru

ISBN 978-601-7286-22-4



9 786017 286224



Кайрат Аскар

Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-дегі

тұмас. 1995-жылы Ақыншылдағы 150 жыл-

діннан орай өткізілген облыстық ақындар мүшайрасында I-орын, 1996-жылы Ж.Жабаевтың 150 жылданнан орай өткізілген облыстық мүшайрасы II-орын, 1998-жылы «Шабыт» фестивалінің лауреаты, 2007-жылы Балқаш қаласында 70 жыл-
діннан өткізілген облыстық мүшайрасында II-орын, 2008-
жылы Т.Ізітлеуұлының 125 жылдығына арналған респуб-
ликалық жыр мүшайрасында III-орын, 2008-жылы
Карханды қаласында өткен мүшайра-
сында II-орын иегері.

Час толкын